




ЕЛОРДА ЖӘНЕ ЕЛБАСЫ
**БАҒАНАЛЫ ОРДА —
БАҚОРДА**

4-5-БЕТТЕРДЕ



ДЕНСАУЛЫҚ
**АУРУ НЕГЕ
АЗАЙМАЙДЫ?**

10-БЕТТЕ



ҚОҒАМ
**ВИРУС,
ВАКЦИНА,
ЧИП?!**

11-БЕТТЕ

@NurSultanNewsBot t.me/elordainfo

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ/ 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ASTANA



№77 (4046) | Бейсенбі | 2 шілде 2020 жыл

AQSHAMY

33 ЖОБА

МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕМЕНШІК
ӘРІПТЕСТІК АЯСЫНДА ЕЛОРДАДА
ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ



ИНВЕСТИЦИЯ. ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Елордада мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында 33 жоба жүзеге асырылады. Қазіргі таңда бұл жобалар жоспарлаудың және іске асырудың әртүрлі сатысында тұр. Жалпы алғанда, 2017-2020 жылдары осының шеңберінде 12 келісімшарт жасалды. Соған сәйкес 37,7 млрд теңгеге жуық инвестиция тартылып, 6 келісімшарт бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылданды. Соның ішінде алты балабақшаның құрылысы, фото-бейнебақылау кешені, әкімдікке көлік қызметін көрсету және мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған паралимпиада орталығы және басқа да инфрақұрылымдық жобалар бар.



КАРАНТИН ЖАЛҒАСАДЫ

Үкімет 5 шілдеден бастап 14 күнге карантин жариялау туралы (ол ұзартылуы да мүмкін) жоспарын ұсынды. Бүгін Ведомствоаралық комиссияның отырысынан кейін Денсаулық сақтау министрі түсініктеме береді, деп жазды Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Twitter парақшасында.



МЕРЕКЕЛІК ШАРАЛАР ОНЛАЙН ӨТЕДІ

Әлемді жайлаған ауыр індет біздің елге де оңай тиіп тұрған жоқ. Сондықтан қазіргі эпидемиологиялық ахуалға байланысты елорда күніне арналып, бұдан бұрын жоспарланған іс-шаралар тоқтатылды. Алайда мерекелік шаралар онлайн режимде өтеді.

Бұл туралы қалалық Мәдениет басқармасы хабарлады. Сонымен бірге ұлт рухын асқақтататын «Домбыра күніне» арналған бағдарламаны «Қазақстан» ұлттық арнасынан онлайн режимде тамашалай аласыз. Биылғы қала күніне арналған іс-шаралардың дені әлеуметтік сапаға бағытталып отыр. Оның ішінде ерекше қажеттілігі бар балаларға арналған оңалту орталығы ашылды. Сонымен бірге «Кәсіпкер ана» әлеуметтік орталығы және «Жағалау» шағын ауданынан «Жедел жәрдем стансасы» мен «Үйдегі дәрігер» атты медицина орталығы пайдалануға беріледі. Сондай-ақ елордада үй кезегінде тұрғандар мен үлескерлерге пәтер кілті тапсырылады. Бұл іс-шара барысында санитарлық талап қатаң сақталады.

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ | € EUR/KZT 452.52 \$ USD/KZT 403.93 ₸ RUB/KZT 5.7 ¥ CNY/KZT 57.08

www.astana-akshamy.kz



ПРЕЗИДЕНТ

Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Үкіметінің Қазақстанға коронавирус пандемиясына қарсы күресу үшін гуманитарлық көмек жібергеніне ризашылығын білдірді.

«Ресей Үкіметі коронавирус пандемиясына қарсы күресу үшін Қазақстанға гуманитарлық көмек беру туралы шешім қабылдады. Ресейдің жоғары басшылығына дер кезінде медициналық препараттар мен дәрілер жеткізгені үшін ризашылығымды білдіремін» деп жазды Мемлекет басшысы twitter парақшасында.

Мемлекет басшысына Ұлттық банк төрағасы Ерболат Досаев және басқарма мүшелері екінші деңгейдегі банктер активтерінің сапасын бағалау бойынша өткен жылғы қаржы-несие саясатына қатысты жүргізілген жұмыстардың қорытындылары, Ұлттық банктің алтын-валюта резервінің ахуалы және Ұлттық қордың активтері жөнінде есеп берді.

ПАРЛАМЕНТ

Парламентте палаталардың бірлескен отырысында бесінші парламенттік сессия қорытындыланды.

Парламент сессиясын жабу отырысы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұранымен басталды. Алтыншы сайланған Парламенттің бесінші сессиясы заң шығару жұмысының көлемі бойынша да, қабылданған заңдар шешімін табуға ықпал ететін міндеттер бойынша да өте ауқымды болды.

Сессия барысында палаталардың 3 бірлескен отырысы өтті. Мәжілістің 41 жалпы отырысында 296 мәселе қаралса, Сенат 25 жалпы отырыста 165 мәселе қарады. Бесінші сессия кезінде қос палатаның қарауында 161 заң жобасы болды, оның 98-і қабылданды. Бүгінде Парламент қабылдаған заңдардың 86-сына Мемлекет басшысы қол қойып, олар заңды күшіне енді.

ҮКІМЕТ

Премьер-министр Асқар Маминнің төрағалығымен өткен Үкіметтің селекторлық отырысында цифрлы экономика үшін адами капиталды дамыту мәселесі қаралды.

Осы бағытта атқарылып жатқан жұмыс барысы туралы Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Асқар Жұмағалиев, «Астана» халықаралық қаржы орталығының басқарушысы Қайрат Келімбетов баяндады.

СУ КӨЛКІМЕУ ҮШІН КӨП ЖҰМЫС АТҚАРЫЛАДЫ

» Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов елордада жүргізіліп жатқан нөсер кәріздері мен тазарту құрылғыларының құрылысын барып көрді.

«Жастар» шағын ауданындағы жаңа құрылыстың қуаты тәулігіне 42 мың текше метрден асады. Бұл нөсер кәріздерінің өткізуін айтарлықтай жақсартады. Тазарту құрылғылары Ж.Тәшенов, А.Бараев, Ш.Уәлиханов, Ш.Иманбаева және Республика даңғылдарын жаңбыр суынан сақтайды. Бұл жұмыс алдағы жылы аяқталады.

– Ж.Тәшенов көшесіндегі ұзындығы 530 метрді құрайтын нөсерлі коллектор желісін тазарттық. 34 тоннадан астам қоқыс шығарылды. Осы уақытқа дейін жиналып қалған қоқыс коллектор жұмысын қиындатты. Биыл күзде Б.Момышұлы даңғылындағы (Дауылпаз көшесінен Елім-ай көшесіне дейін) проблемалық учаскесінде нөсерлі кәріз магистралды коллекторының құрылысын аяқтаймыз, – деді қала басшысы.

Сондай-ақ жыл соңына дейін «Тельман» елді мекеніндегі тазарту құрылғылары мен магистралды коллектор құрылысы аяқталады. Оның қуаты тәулігіне 36 мың текше метрден асады. Жоба іске



асқаннан кейін «Тельман» елді мекені мен №27 көше бойындағы құрылыс аймағынан жерүсті ағындарын бұруға мүмкіндік бе-

реді. Сонымен бірге жұмыс істеп тұрған коллекторларды тазарту қолға алынды. Қазіргі күні 354 шақырымның 134-і тазарту жұ-

мыстарын қажет етеді. Былтыр Мыңжылдық аллеясы аумағындағы екі учаскедегі нөсерлік су кәрізінің мәселесі шешілген.

ТАЗАЛЫҚТЫ САЯБАҚТАРДАН БАСТАЙЫҚ

» Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің қолдауымен Қазақстанның экологиялық ұйымдары қауымдастығы «Stop Musor» әлеуметтік жобасы аясында полиэтилен пакеттерін жинауға бағытталған шара бастады. Шара 1 және 3 шілде күндері Орталық, Ботаникалық және «Жетісу» саябақтарында өткізіледі. Пакеттер таза күйінде ғана қабылданып, олардың санын 20-дан асырғандарға арнайы сыйлықтар беріледі.

Дәулет АСАУОВ

Бұл шара Халықаралық полиэтилен пакеттерін бас тарту күніне арналған. Осы күні әлемнің көптеген елдерінде целлофан пакеттерді пайдаланудан толығымен бас тарту ұсынылған болатын. Ұйымдастырушылар елорда тұрғындарын экологиялық мәселелерді шешуде белсенді болуға және өз үлестерін қосуға шақырады.

Экологиялық шараның қоры-

тындысы ретінде шілде айының екінші жартысында қазақстандық заманауи суретші Сәуле Сүлейменова жиналған пакеттерден көркем дүние жасап шығарады. Кескіндеме «Жетісу» саябағындағы «Шарын шатқалы» жартасының қасына қойылады.

Сондай-ақ астаналықтар шашылып жатқан қоқыс үшін онлайн эко-шағым бере алады. Ол үшін Қазақстанның экологиялық ұйымдары қауымдастығы «StopMusor» жобасының сайтына

хабарласа жеткілікті. Барлық жиналған ақпарат esokarta.kz қоғамдық экологиялық мониторинг порталында тіркеледі. Мамандар экологиялық проблемаларды сипатына қарай қала қызметтері мен уәкілетті ұйымдармен бірлесіп шешуді қарастырады.

Аталған сайттан, сонымен қатар, жоба туралы, экология саласындағы соңғы жаңалықтар, жоспарланған конкурстар мен іс-шаралар жөнінде толығырақ ақпарат ала алады. Мұнда ақпарат алу үшін пайдалы сілтемелер берілген. Мысалы, Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларындағы қалдықтарды жинау және қайта өңдеу пункттері, құрамында сынап бар шамдарды жинау және кәдеге жарату мекенжайлары және т. б. көрсетілген.

6000 САРЫ КОНТЕЙНЕР ҚОЙЫЛДЫ

» Елордада пластик, қағаз және шыны қалдықтарын жинауға арналған торлы контейнерлер орнатылып, қазіргі таңда осындай он бокс қойылды.

Аула алаңдарына орнатылған жаңа контейнерлер қайта өңдеуге жарайтын пластик, шыны, қағаз сияқты қалдықтарды жинауға арналған.

«Контейнерлер толықтай жанбайтын металдан жасалған. Аз

қоқысты тастауға болатын арнайы қақпағы бар. Тор арқылы оның ішіндегі қалдықтарды көресіз. Сыртында пластик, қағаз, шыны мен металл тастауға болатыны жазылған» дейді Нұр-Сұлтан қаласы Қоршаған ортаны қорғау және

табиғатты пайдалану басқармасының бөлім басшысы Алмаз Рысалиев.

Қазір қалада 6 мыңнан астам сары контейнер қойылды. Еске сала кетейік, сары контейнер тек құрғақ қалдықтарды ғана салуға арналған. Ал тамақ және басқа органикалық қалдықтар жасыл түсті және цинктелген контейнерлерге салынуы қажет.

СҮБЕЛІ СӨЗ

Людмила БЮРАБЕКОВА, Денсаулық сақтау министрінің орынбасары:

“”

Қазір ел аумағында дәрі тапшылығы туралы айтылуда. Бірақ сол тапшы дәрілер дәріханаларға түсіп жатыр. Парацетамол еліміздің дәріханаларына жеткізілуде. Ол қазір Алматыда, Нұр-Сұлтанда және Қарағанды облысында бар. Алдағы екі-үш күнде барлық өңірлерге жеткізіледі. Ингавин түрінде аптаның соңына дейін қолжетімді болады. Сондай-ақ тамифлю да апта соңына дейін дәріханаларға түседі. Отандық өндірушілер шығаратын антибактериалдық препараттар желілерге таратылды.

(01.07.2020 ж. ОКҚ-дегі баспасөз мәслихатында айтқан сөзі)

» АСТАНАДАН АУЫЛҒА ДЕЙІН...

■ НҰР-СҰЛТАН

Халықаралық шарттар аясында шетелде оқу үшін үміткерлерді іріктеудің барынша ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету мақсатында ҚР Білім және ғылым министрінің тапсырмасына сәйкес «Шетелде, оның ішінде академиялық оралымдылық шеңберінде оқытуға жіберу қағидаларына» бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

■ АЛМАТЫ

Алматыда дәріханалардың дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілуін және олардың бағасын бақылайтын мониторингтік топ құрылады. Мониторинг тобына Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті, қалалық Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы мен Фармацевтикалық қызметті қолдау және дамыту қауымдастығының өкілдері кіреді.

■ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

Отандық археологтар Ақсу ауданындағы қазба жұмыстары кезінде сенсациялық мәлімдеме жасады. Онда осы өңірдегі қорымнан Пазырық мәдениетіне қатысты бар жәдігерлер шыққан. Таулы Алтайдағы тайпалар Ресей, Моңғолия, Шығыс Қазақстан аумағында ғана емес, Жетісу жерін де мекендегені анықталып отыр.

■ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

Аталған аймақта 10 шілдеде «Жасыл ел» еңбек жасағының жаңа маусымы басталып, соның аясында мың жасты жұмыспен қамту көзделіп отыр. Оның ішінде 300 жас Атырау қаласының аумағында, ал әр ауданда 100 сарбаз жұмыс істейді. Бүгінде аймақтың табиғатын қорғап, көркейтуге 700-ге жуық адам өтініш білдірген.

■ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

Өңірде алғаш рет джип-сафари экспедициясы өтіп, оған қатысушыларға Әулиеата жерінің қасиетті жерлеріне экскурсия ұйымдастырылды. Онда қонақтар «Ақыртас» сарай кешені, «Тектүрмас» этномәдени кешені, «Қарахан», «Дәуітбек», «Айша бибі» және «Бабаджа Хатун» кесенесі мен Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған ескерткішті аралады.

95 ЖОБА ІСКЕ АСАДЫ

» Елордада «Жұмыспен қамту» жол картасы арқылы жұмысқа орналасуға болады. Мемлекеттік бағдарлама пандемия кезінде қосымша жұмыс орындарын құрып, жұмыссыздыққа жол бермеуді мақсат етеді.



Бүгінде аталмыш бағдарлама аясында 3137 адам жұмыспен қамтылған. Сондай-ақ Нұр-Сұлтан қалалық жұмыспен қамту орталығы 101 ұйыммен ниет хаттамасын жасап, 7628 адамға жұмыс беруді

жоспарлап отыр. Елорда тұрғындары әртүрлі салада іске қосылған 95 инфрақұрылымдық жоба бойынша жұмысқа орналаса алады.

Жұмыспен қамтудың жол картасы бойынша ең көп сұранысқа ие бос

орындар – электрик, дәнекерлеуші, слесарь, монтаждаушы мен жүргізуші.

Жұмысқа орналасу үшін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығына call-орталық арқылы 57-88-88 нөміріне хабарласу қажет. Содан кейін жұмыс іздеушінің тілектеріне сүйене отырып, орталық мамандары жобаларға лайықты бос жұмыс орындарын таңдап, әңгімелесуге жібереді.

Қажетті құжаттар тізімі – жеке куәлік, диплом және еңбек кітапшасы. «Жұмыспен қамтудың жол картасы» аясында бірқатар ірі инфрақұрылымдық нысанның құрылысы жүргізілуде. №49 мектепте күрделі жөндеу кезінде 98 жаңа жұмыс орнын ашу жоспарлануда, оның 55-і халықты жұмыспен қамту орталығы арқылы жүзеге асады. Сондай-ақ Тұран даңғылынан Жиделі (№37) көшесіне дейінгі учаскеде №26 көшені салу кезінде 189 жаңа жұмыс орны ашылады.

Наима НУРАЛЫҚЫЗЫ

БАС ҚАЛАДА – «БУХАРЕСТ», БУХАРЕСТТЕ – «НҰР-СҰЛТАН»



» Қазақстан мен Румыния елдері арасындағы қарым-қатынас бұрынғыдан да нығая түсті. Нұр-Сұлтан қаласында «Румыния – Бухарест» атындағы саябақ ашылды. Ал румын елінің астанасында «Нұр-Сұлтан» атындағы саябақтың ашылу салтанаты өтті.

Елордадағы саябақ Есіл ауданында ашылып отыр. Оның салтанатты ашылуына аудан әкімі Берік Жәкенов пен Румынияның Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Чезар Маноле Армян қатысты. Қос елдегі саябақтардың ашылуы онлайн түрде өтті. Астанадағы жаңа саябақ «Жасыл орам» тұрғын үй кешенінің жанында орналасқан.

– Екі ел арасында игілігі мол бастама жүзеге асып

отыр. Қазақтың әйгілі тұлғасы Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына орай ескерткішін Бухарест қаласына орнату елшілік тарапынан ұсынылған еді. Бұл ұсыныстың қолдау тапқанына қуанып отырмыз. Енді Нұр-Сұлтан қаласына румын халқының әйгілі классик ақыны Михай Эминескудың ескерткішін қоюды жоспарлап отырмыз, – деді Румынияның Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі.



ЖАҒАН ЖАҒАЛЫҚТАРЫ



ЖҰМЫССЫЗДАР САНЫ АРТУДА

Биылғы жылдың соңына қарай әлемде 140 миллиондай адам жұмыссыз қалуы мүмкін. Ал коронавирустың екінші толқыны болса, бұл көрсеткіш 340 миллионға жетуі ықтимал. Бұл туралы Халықаралық еңбек ұйымы мәлімдеді.

Ұйымның дерегінше, пандемия салдарынан биылғы жылдың екінші тоқсанында 400 миллион адам жұмысынан айырылған. Жұмыссыздық зардабын әсіресе әйел адамдар тартуы мүмкін дейді мамандар. Алдын ала мәліметке қарағанда, Германияда – 6000, Францияда – 5000, ал Ұлыбританияда 1700 орын қысқарады. Компания басшылығының мәлімдеуінше, штат санын азайту – тығырықтан шығудың жалғыз амалы.



ТАҒЫ БІР ВИРУС АНЫҚТАЛДЫ

Коронавирус індеті өршіп тұрғанда, Қытайда тағы бір вирус анықталды. Ғалымдар доңыз тұмауының жаңа штаммын тапты. Мамандардың айтуынша, жаңа штамм 2009 жылы Мексикада шығып, пандемияға әкелген H1N1 тұмауына ұқсас келеді.

Зерттеулерге сәйкес, жаңа вирус Қытайда жуырда пайда болған. Ғалымдар доңыздардан тарап жатқан вирус адамға да жұғуы мүмкін дейді. Бұған қоса, вирус мутацияға ұшырап, адамнан адамға да тарауы ықтимал деген болжам жасалып отыр. Таяуда бұл аурудың Қытайдағы қасапхана жұмысшыларына жұққаны жайлы ақпарат тарады. Енді ғалымдар індеттің таралмауы үшін тиісті шаралар дер кезінде қолға алынуы керек деп дабыл қағуда.



ПАНДЕМИЯ ӨРШІП БАРАДЫ

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы әлемде коронавирус инфекциясының таралуы қарқын алып бара жатқанын айтып дабыл қағып отыр. Ұйым басшысының хабарлауынша, пандемияның басылар түрі жоқ, керісінше, күннен-күнге кеңіреп, әлемге жайылып барады.

Әлемде індетке шалдыққандардың саны 10 миллион 440 мың адамнан асып, 510 мыңнан астам науқас қауіпті дерттен көз жұмды. Ал Қазақстанда вирус жұқтырғандардың жалпы саны – 41065 адамға жетіп, 188 адам қайтыс болды. 13614 адам дертінен айықты.

Қалиакбар УСЕМХАНҰЛЫ

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

Ақсу қаласының 28 жастағы тұрғыны екі ұл мен бір қызды дүниеге әкелді. Қыздың салмағы – 1,6 келі, ал ұлдар үлкенірек – 2,2 және 2,4 келі. Облыстық перинаталдық орталық бас дәрігері орынбасарының айтуынша, қазір ана мен баланың жағдайы жақсы.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Мұқтаж жандарға әлеуметтік көмек көрсетуге белсенді қатысқан еріктілерге Елбасының алғыс хаты табысталды. «Біз біргеміз» шарасы аясында «Jas Otan» жастар қанатының 520-дан астам еріктісі 25 мың жалғызбасты зейнеткерге, мүмкіндігі шектеулі жандарға, аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға азық-түлік жеткізіп берген.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

Облыста «Atameken Academy» платформасында «Бастау» жобасымен онлайн режимде кәсіпкерлікке оқыту басталды. Бизнес-тренерлер аймақтық қатысушыларға палатаның 14 кәсіпкерлік негіздерін үйретеді. Биыл облыс бойынша 3100 адамды оқыту жоспарланып, онлайн оқыту 5 кезеңнен өткізіледі.

– Елбасының тарихи шешімімен Сарыарқа төрінде бой көтерген жаңа астанамыздың тәуелсіз еліміздің өмірінде алатын орны қандай деп ойлайсыз?

– Мемлекет ұғымының өзі ең алдымен астанамен астасып жатады. Қай елді атасаңыз да ә дегеннен санаңызға бірден ол елдің астанасының аты түсетіні сондықтан. Біздің қазақтың арғы-бергі тарихында Ордабалық, Суяб, Тараз, Бала-сағұн, Сығанақ, Жент, Сарайшық, Түркістан сияқты қалаларда ордалы жұрттың туы тігілген. Нұр-Сұлтан қаласының дәл іргесінен табылған Бозоқ қаласы да үлкен орталықтың бірі болғанын ғалымдар дәлелдеді. Ертедегі ер бабамыз Едігеден бастап, айбынды Абылайға дейінгі хандарымыздың бәрі осы Есіл бойында орда тіккендері тіпті де тегін болмаса керек.

Ал бүгінгі жағдайға келсек, біз еліміздің астанасын Алматыдан Ақмолаға ауыстырдық, елорданы Алатау бауырынан Арқа төсіне көшірдік деп айта салу аздық етеді. Бұл біз үшін өте дер кезінде, өз тағдырымызды белгілейтін сын сағатта істелген сәтті қадам болды. Шын мәнінде, біз еліміздің жаңа астанасын салуға кірістік. Сол арқылы іс жүзінде жаңа мемлекет құруға кірістік. Жалпы, тақыр жерден жаңа көтерілген әлсіз елдің астанасын салу – айтуға ғана оңай іс. Дей тұрғанмен, халқымыз жаңа да жас мемлекетінің астанасын өзінің қалаған жеріне, өзінің қалауы бойынша орнатты. Ең бастысы, өзінің кіндік қаласының құрылысына білек сыбанып, бар күш-қайратын, ынта-жігерін салды. Әрбір көшеге, әрбір үйге жүрек мейірін, перзенттік сүйіспеншілігін, жан жылуын жұмсады. Нұр-Сұлтан қаласы осылайша халқымыздың аялы алақаны, ыстық мейірімімен тұрғызылды. Сондықтан да бұл қала бәрімізге ерекше қымбат, айрықша аяулы. Бұл қала – елдің болашаққа салған алтын көпірі, жаңа қоғамның символы.

– Нұр-Сұлтан қаласының тарихи-әлеуметтік, философиялық, руханият тұрғысынан қандай артықшылықтарын атап бере алар едіңіз?

– Алдымен астананы ауыстырудың саяси астарына үңілсек. Бұл жөнінде 1995 жылы ағылшынның беделді басылымдарының бірі саналатын «Financial Times» газеті былай деп жазды: «Нұрсұлтан Назарбаев мырза Қазақстанның астанасын Алматыдан Орталық Қазақстандағы өндірістік қала – Ақмолаға ауыстыру туралы Жарлық шығарды. Көптен күткен бұл заң Орталық Азиядағы Батыс дипломаттарының ренішін туғызса, Ресей ұлтшылдарының ашу-ызасын келтірді. Бақылаушылардың есебінше, Назарбаев мырзаның астананы елеу-

Бағаналы орда – Бақорда



» Астана күні елдік мерейімізді көрсететін мемлекеттік мерекеміздің бірі болып қалыптасты. Жыл өткен сайын сәулеті мен дәулеті өркендеген елордамыз бар қазақтың бас қаласына, ұлтымыздың бағаналы бақ ордасына, еліміздің әлеуметтік-экономикалық орталығына айналып барады. Біздің «Бәйтерек түбіндегі басқосу» айдарының бүгінгі қонағы – белгілі саясаттанушы, публицист Кенжеболат ЖОЛДЫБАЙ. Әңгіме өзегі Елбасы мен елорда тақырыбында өрілді.

сіз провинциялық қалаға көшірудің бірден-бір себебі, ол – Қазақстанның солтүстік аймағына көз алартып жүрген орыс ұлтшылдарын қапы қалдыру». Негізі, бұл астананы көшірудегі үлкен саясаттың бір ғана жағы болатын.

Иә, астана таңдауды қай кезде болмасын мемлекеттің асқақ мүдделері айқындаған. Бізде де астананы көшіру ұлттың стратегиялық мүдделерінен туындады, онда геосаяси да, әлеуметтік-экономикалық та, рухани – тарихи астарлар болды. Алайда көшірудің мерзімі мен жағдайын

есептей келгенде, астана феномені бүгінгі әлемде өзіне ұқсас белгі табу қиынға түсетін бірегей тарихи оқиға болып табылады. Елдегі экономикалық ахуал едәуір күрделі болып тұрған 90-жылдардың басында бізге бәрінен бұрын өзіміздің күшімізге сенімді орнықтыру қажет еді. Қазақстанды қуатты да өркендеген мемлекетке айналдыра аламыз деген сенім керек еді.

Астана ел ортасында орналасқандықтан жақын маңайға да, әлемнің әр қиырына да бірдей ашық, сонысы арқылы біздің сыртқы саясатымыздың

бейбітсүйгіштік сипатын танытып тұрады. Астананы тоғыз жолдың торабында тұрған қалаға ауыстыру Қазақстан экономикасын сауықтыру қажеттігінен, бүкіл экономиканың өсуі үшін керекті мультипликативті тиімділікті қамтамасыз етуге ұмтылудан да туындаған еді. Елорданы құрамы жағынан көпұлтты өңірге көшіре отырып, біз тұрақты полиэтностық мемлекет құруға және ұлтаралық келісімге басымдық беруге бағыт ұстағанымызды таныттық. Сайып келгенде, жаңа астана көшпелі ордан бүгінгі заманғы ре-

спубликаға дейінгі дамудың көп ғасырлық жолын жүріп өткен қазақ ұлтын өзін-өзі танып-білудің аса маңызды белесіне шығарды. Бүгінгі астанамыз біздің ұлттық санамызды нағыз егемендік деңгейіне жеткізіп, қазақ этносын ұйыстырған идеялық символға айналды.

– Елордамыз астана болып жарияланған күннен бастап бүгінге дейін өзінің миссиясын қаншалықты атқарып келеді? Ел астанасы болып толыққанды қалыптасты ма? Қандай мәселелерді әлі де шешу керек, дамыту керек деп ойлайсыз?

– Әрине, тарих үшін 22 жыл дегенің – уақыттың қысқа ғана кезеңі. Дей тұрғанмен, бұл кезең бүкіл Қазақстанның және оның көпұлтты халқының өмірін түбегейлі өзгеріске түсірген терең үдерістерге толы болды. Бүгінде өмір сүріп, жұмыс істеуге барған сайын қолайлы, ыңғайлы болып бара жатқан мегаполиске айналды. Осы жылдар ішінде денсаулық сақтауға бөлінген қаржы – 32 еседен астам, білімге бөлінген қаржы – 22 есе, әлеуметтік қамсыздандыру мүддесіне бөлінген қаржы алты есе артты. Мұнда Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті ашылып, ол өңірдегі күшті оқу орындарының қатарына қосылды.

Астаналық медициналық кластер жайы да көңіл толарлықтай. Ол ең осы заманғы алты медицина институттарынан құралған. Қазір мұнда Ана мен бала орталығы, Балалардың сауықтыру орталығы жұмыс істейді. Сонымен қатар, бүгінде Диагностикалық орталық, Нейрохирургия орталығы, Жедел медициналық жәрдемнің ғылыми-зерттеу институты іске қосылды. Осы орталықтардың негізінде біртұтас холдинг ретінде басқарылатын бірегей «Денсаулық қалашығы» құрылды. Ең осы заманғы озық медициналық құрал-жабдықпен қамтамасыз етілген мұндай кешен көптеген Еуропа елдерінде де жоқ. Қазірдің өзінде мұнда ауыр науқастарды емдеуге, бұрын тек шетелде ғана жасалатын аса күрделі операцияларды атқаруға болады. Барынша сапалы ем алу үшін өз елімізден, көршілес елдерден адамдар Нұр-Сұлтанға келуде.

Нұр-Сұлтан экологиялық мәселелерді шешуде осы заманғы көзқарастың үлгісіне айналуға, Елбасының тікелей өзі бастамашы болған астананың айналасынан «жасыл белдеу» жасау жобасы қарқынды жүзеге асырылуға. Осы жылдарда елорда маңайында 71 мың гектар жерге орман отырғызылды, ол орман қала климатын едәуір өзгертіп, даланың желінен қорғап тұр. Қазіргі уақытта Нұр-Сұлтан қаласының аумағы 722 шаршы километрден астам, ал халқының саны 2020 жылдың 1 қаңтарындағы есеп бойынша 1136008 адам.

Бүгінде әлемдік қауымдастық үшін Қазақстан мен Нұр-Сұлтан атаулары егіз ұғымға айналып кетті. Бұл ұғым қарыштап даму мен өрісті өркендеудің өнегелі үлгісі ретінде орнықты. Біздер, қазақстандықтар, астананы асқақтату арқылы дүние жүзіне өзімізді келешегі кемел, әлеуеті қуатты мемлекет екенімізді таныттық. Осы жылдар ішінде Нұр-Сұлтан әлемдегі ең жас та танымал астаналардың бірі ретінде нақты елордалық ауқымға ие болып қана қоймай, бүгінде мейлінше үздік дамып келе жатқан әлемдегі 30 мемле-

кеттер астаналарының ортасынан ойып тұрып орын алып отырған астананың біріне айналды. 1999 жылы ЮНЕСКО Нұр-Сұлтанды «Бейбітшілік қаласы» деп жариялады. 2008 жылдың сәуірінде Мәскеуде өткен «ТМД-ның таңдаулы қаласы» атты байқау-конкурста Нұр-Сұлтан 16 жүлденің 9-ын алды! 2000 жылдан бастап Қазақстанның басты қаласы астаналар мен ірі қалалардың халықаралық ассамблеясының мүшесі болып табылады.

Сөйтіп, елордамыздың аты халықаралық сөздік қорына тез-ақ енді, әлем картасында өзіне-өзі сенімді мемлекет пайда болғанын аңғартатын маңызды мағынаны ала келді. Сондай-ақ біздің елорда өңірлік және жаһандық қауіпсіздікті нығайтуға үлес қосуы тиіс көптеген форумдарды өткізудің орнына айналды. Нұр-Сұлтан қазір жай ғана елорда емес, ол енді еуразиялық интеграцияның елордасы ретінде өңірлік даму бойынша жаңа идеялардың, көзқарастардың, нақты бағдарламалардың генераторы болуда. Қала әлемдік конфессияаралық ұнқатысудың астанасына айналды. 2003 жылдан бері мұнда Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің алты съезі өтті. Біз әлемге діндер арасындағы ұнқатысу мүмкін екендігін көрсеттік, өйткені олардың бәрі жасампаздық пен адамзаттың игілігі идеясына негізделді. 2010 жылы Нұр-Сұлтан қаласында Еуропа қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының саммиті, 2011 жылы VII қысқы Азия ойындары, Ислам конференциясы ұйымы жиналысы, 2017 жылы ЕХРО халықаралық көрмесі өткізілді. Бұл – орасан зор сенімнің, дамудың «қазақстандық жолының» тиімділігін, қазақстандықтар толеранттылығының жоғары деңгейін танудың белгісі.

«Біреуге қарап пікір ет, біреуге қарап шүкір ет» дейді халқымыз. Пікір етсек те, шүкір етсек те орынды. Дегенмен халқы миллионнан асқан астанада билік тарапынан баспанаман қамтамасыз ету, мектептер мен мектепке дейінгі мекемелерді салу, қала шетіндегі мекендерді сумен, жарықпен қамту, сапалы жол салу, Абу-Даби Плаза «сақалды» құрылысы, Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың тарапынан қатты сынға іліккен LRT мәселелері, ең бастысы, қазақ ұлты басым қаладағы қазақ тілінің аянышты халі тәрізді ірілі-ұсақты кемшіліктерден құр алақан емеспіз. Бірақ дүрбелең дүние бүгінгідей дүбірлеп жатқан тұста біз де шүкіршілік десек әсте қателесе қоймаспыз. Қаншама қиын да күрделі, күрмеуі қиыр-шиыр істердің түптің түбінде өзінің оң шешімін табыр анық. Бәрі де тек уақыт еншісінде. Күте білгенге ол күндер де алыс емес.



– Елбасының тәуелсіз Қазақстанның орнықтырудағы, жаңарған, өзгерген, мақсаты биік мемлекет ретінде дамытудағы тарихи рөліне тоқталсаңыз.

– «Ағылшындардың мәңгілік досы жоқ, ағылшындардың мәңгілік қасы жоқ. Ағылшындардың мәңгілік мүддесі бар» деген сөз бар. Ұлттық мүдде міндетті түрде қорғалуы керек. Осы ретте, ұлтты ұшпаққа шығаратын азамат, ұлтқа шым тереңнен ойлайтын, тым қияннан болжайтын тұлға қажет десек әсте қателеспейміз. Бірер мысал. Алып Қытай жол айрығында абдырап тұрғанда ұлтын Дэн Сяопин бастап, халқын қазір АҚШ-пен иық тірестіріп, Жапония және Германияның экономика жағынан көп артқа қалдырып отыр. Үндістан Ұлыбританияға жалтақтап қалғанда Махатма Ганди басын бәйгеге тігіп шықты. Ең демократияшыл деп саналатын Америкада Франклин Делано Рузвельт президенттікке қатарынан төрт мерзімге сайланса, Шарль де Голль есімі Франция тарихында мәңгілікке жазылып қалды. Түркия елінде Мұстафа Кемаль Ататүрік, Сингапурда Ли Куан Ю болып, әлемде осындай біртуар ұлт тұлғаларының есімдері жалғасып кете береді.

Ақтамберді жырау былай жырлапты: «Жауға шаптым, ту байлап, шепті бұздым айғайлап, дұшпаннан көрген қорлықтан, жылады жүрек, қан қайнап, елді, жұртты қорғайлап, өлімге жүрміз бас байлап». Яғни ата-бабаларымыздың ұлы мақсаты тәуелсіздікті алу болды. Сол тәуелсіздікті XX ғасырдың соңғы жылдарында алдық. Біз тәуелсіздікті көшбасшымыз, ұлттымыздың ұлы перзенті Нұрсұлтан Назарбаевтың есімімен

байланыстырамыз. Ал астананың тарихы біздің тәуелсіздігіміздің тарихынан ажырамайды. Яғни Елбасы мен Астана – егіз ұғым. Сондықтан астананың Нұр-Сұлтан аталуы мейлінше әділетті шешім. Көзі ашық қазақ ұлты, Қазақстан елі мұны анық біліп, өз ұлтының тұлғасы Нұрсұлтан Әбішұлын мақтан тұтады.

Негізі, нағыз мақтанатын нәрсеге мақтана, қуанатын нәрсеге қуана білген абзал. Бұл көңілдің ақтығын, жүректің тазалығын білдіреді. Бірақ ел болған соң әртүрлі адамдар бар. Қайсыбір басылымдарда, әлеуметтік желілерде, адамдар арасындағы ауызекі әңгімелерде Елбасы да сынға ілініп жатады. Бұл түсінікті де. Жұрттың бәріне жағу қиын. Осыған орай, Конфуцийдің бір әңгімесін келтірейін. Бірде Конфуцийден шәкірттері сұрайды:

– Әміршіні жұрттың бәрі жақсы көрсе не болады? – деп.

– Жақсы болмайды, – деп жауап береді қытай ғұламасы.

– Әміршіні жұрттың бәрі жек көрсе ше?

– Әрине, жақсы емес.

Сосын Конфуцийдің өзі:

– Әміршіні жақсы адамдар жақсы көріп, жаман адамдар жек көрсе дұрыс болады, – дейді. Жалпы, ел билеген адамдардың абыройы туралы сөз болғанда Ыбырай Алтынсариннің мына шумағы еске түседі:

Жақсыны көзден салмаңыздар,

Жақсыдан қапыл қалмаңыздар.

Өзі болған ерлердің,

Аяғынан алмаңыздар.

– Елордамызда заманауи үлгіде салынған әсем ғимараттар аз емес. Келбеті сұлу, ажарлы. Ал рухани жағы қалай? Зиялы қауым, әдеби және ғылы-



Бүгінде әлемдік қауымдастық үшін Қазақстан мен Нұр-Сұлтан атаулары егіз ұғымға айналып кетті. Бұл ұғым қарыштап даму мен өрісті өркендеудің өнегелі үлгісі ретінде орнықты. Біздер, қазақстандықтар, астананы асқақтату арқылы дүние жүзіне өзімізді келешегі кемел, әлеуеті қуатты мемлекет екенімізді таныттық

ми орта қаншалықты деңгейде қалыптасты?

– Нұрсұлтан Әбішұлы алғашқы күннен бастап астананың мәдениетін қатар алып жүруге бетбұрыс жасады. Елбасының перменімен Күләш Байсейітова атындағы опера және балет театры ашылып, оған Алматыдан көптеген өнер қайраткерлері тартылды. Аталмыш театр елдегі ең жас музыкалық театр, классикалық мұраны түсіретін және жаңарып жатқан қазақстандық қоғамның рухани қажеттіліктерін іске асыратын, сондай-ақ қазақ және әлемдік музыкалық дәстүрін жалғастырушысы болып саналады. «Астана Опера» театры да Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен құрылған театр. Сонымен қатар, Елбасының тапсыр-

масымен «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Заманауи өнер мұражайы, Орта Азиядағы ең үлкен мұражай – Қазақстан Республикасының ұлттық мұражайы, әлемдік және отандық жұлдыздардың концерттері, мерекелік және ресми кездесулер, көрмелер, конференциялар ұйымдастыруға арналған жас астананың ерекше кешені – «Қазақстан» орталық концерт залы, Қазақстанның үлкейтілген картасындағы табиғат, архитектура және өмір сүру этно-мемориалды «Атамекен» кешені, «Ұшатын табақ» түріндегі ғимарат – астаналық цирк ойын-сауық мекемесі, «Назарбаев орталығы» көпфункционалы ғылыми-талдамалық және гуманитарлық-ағартушылық мемлекеттік мекемесі аясында «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасы» мемлекеттік мекемесі салынып, пайдалануға берілді. Жалпы, Нұр-Сұлтан қаласында 27 кітапхана, 8 мемлекеттік мұражай, 10 демалыс және көңіл көтеру саябақтары, 6 кинотеатр бар.

Әлем әртісі атанған скрипкашы Айман Мұсақожаеваға Қазақ ұлттық музыка академиясын құруға қамқорлық көрсетіліп, бұл академия музыка саласынан классикалық тәрбие мен білім беретін үлкен бір ошаққа айналды. Әзірбайжан Мәмбетовті алдырып, Қалибек Қуанышбаев атындағы қазақ театрын астаналық деңгейге көтеруге барлық жағдайлар жасалды. Таяуда оның жаңа ғимараты пайдалануға берілмекші. Дәл сол жылдары Астана қаласының филармониясы ұлғайтылды. Ұлттық аспаптар оркестрі және симфониялық оркестр құрылды. Алматыдан, республиканың өзге де аймақтарынан танымал әншілер мен домбырашылар жиналды. Қазақ ұлттық хореография академиясы ашылды.

Мұнда ұлттық әдебиетіміздің қаймағы саналатын классик ақындар мен жазушылар келді. Олардың барлығына да ресми билік барлық мүмкіндіктер туғызды. Үй-жай, қызмет жағынан қамтамасыз етілген. Бұл қамқорлық әлі де жалғасуда. Әрине, астананың мәдени ортаға айналуы ақын-жазушылар мен сазгерлерге, олардың шығармашылық өнімділігіне тікелей байланысты. Бұл тұрғыдан келгенде ешкімге тұсау салынып жатқан жоқ. Осында келген ақын-жазушылардың кітаптары жарыққа шығып жатыр, астана туралы поэмалар, әндер де жазылуда. Қ.Қуанышбаев атындағы қазақ драма театрында «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театрында елордаға арналған керемет драмалар, музыкалық опералар, пьесалар көптеп қойылууда.

– Кенжеболат Жолдыбайұлы, Астана сіздің шығармашылығыңызға

қандай үлесін тигізді? Өміріңіздегі орны қандай? Өзіңіздің қандай жетістіктеріңізді осы қаламен байланыстыра едіңіз?

– 1998 жылдан елордамен бірге жасып келемін. Былайша айтқанда, қала менің көз алдымда бой көтерді. Астанамен бірге мен де есейдім. Осында ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің БАҚ басқармасының басшысы, «Казakhstanская правда» республикалық газеті бас редакторының орынбасары, «Заң» АҚ Астана қаласындағы өкілдігінің жетекшісі, «Қазақстан» РТРК» акционерлік қоғамы төрағасының бірінші орынбасары, «ҚазАқпарат» ұлттық компаниясы» АҚ вице-президенті, «Sunna.kz» ақпараттық агенттігі бас директоры, «Еуразия+ОРТ» ЖШС бас директорының кеңесшісі тәрізді қызметтерді атқардым. Республикалық «Бас редакторлар клубы» қоғамдық бірлестігінің президенті болдым.

Мұндағы орта маған бірқатар маңызды саяси-әлеуметтік жобаларды іске асыруға мольнан мүмкіндік берді. Атап айтқанда, жас астананың имиджін қалыптастыру, сондай-ақ жастарды қолдау мақсатында «Астана – жастар көзімен» байқауы ұйымдастырылып, кейіннен бұл жоба «Еуразия сақинасы» халықаралық жастар ақпараттық форумына айналды. Қазақстан тарихында алғаш рет Қазақстан Республикасы журналисінің Этика кодексі қабылданды. Отандық БАҚ-ты қолдау мақсатында «Қазақстандық БАҚ – ЕХРО» көрмесі ұйымдастырылды. «Казakhstanская правда» республикалық газетінің акциясы аясында Алатаудың Өгем сілемінде 4034 м биіктіктегі шың бағындырылып, ол «Казakhstanская правда» шыңы» ретінде ресми география картасына тіркелді.

Күнделікті жұмыстармен қатар шығармашылықпен де айналыстым. Әр жылдарда «Бұл жылдардың мен де бір куәсі», «Мұратымыз: жер, ниет, ар тазалығы», «Время жить и творить», «Қазақстан 2030: болашақтың бағдаршамы», «Притяжение Родины», «Өткен күнде белгі бар» атты публицистикалық жанрдағы кітаптар жазудың сәті түсті. Бұл кітаптар ҚР Ұлттық академиялық кітапхананың электрондық нұсқасында сақталып тұр.

Бір сөзбен айтқанда, елорда мен үшін жаһандық тарихтың толқынында қазақстандық жолдың басталғанын байқатып тұратын аса маңызды мәреге айналды. Соны сезінген тұста жүрегің бұлқына соға бастайды, ал жаныңды өрлік пен мақтанш кернейді.

– Әсерлі әңгімеңізге рақмет!

Әңгімелескен
Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Райхан
РАХМЕТОВА

ЖИЫРМА ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖЕМІСІ

Нұрсұлтан Назарбаев қоры бүгінде еліміздегі ең бір ірі коммерциялық емес ұйымға айналды. Осы кезеңде жүздеген ағартушылық, әлеуметтік және қайырымдылық жобалар жүзеге асырылды. Одан бөлек, қор Елбасының жаһандық қауіпсіздік және бейбітшілік туралы идеяларын ілгерілетіп отыра, рухани құндылықтарды нығайтуға бағытталған көптеген жобаларды іске асырды. Соның арқасында еліміздің барлық аймақтарында нағыз талантты балалар анықталып, олардың дарын қабілетін дамыту үшін жаңа мүмкіндіктер ашуға көп үлес қосылды.

Қанат ЖҰМАБАЕВ,
Нұрсұлтан Назарбаев
қорының атқарушы
директоры:

— Жыл сайын Қазақстанның 80-нен астам ең үздік студенті қордың атаулы шәкіртақысының иегері атанады. Еліміздегі жүздеген ақын-жазушылар әр жылда «Алтын тобылғы» республикалық әдеби байқауына қатысады. Ал шығармашылық жобаларды қолдауға арналған гранттар байқауы жастардың өзін-өзі дамытып, дара жолын табуына мүмкіндік беруде. Әсіресе, жастарды дамытудағы ең өзекті бағыттардың бірі – IT саласы. «Smart Holy» бағдарламасы аясында отандық стартаперлер, программистер шетелдік әріптестерімен бірге пайдалы сервистер құрды. Стартаптар арасында Азияның жетекші венчурлік қорынан қаржыландыруға ие болған «Intelleption» стартапы бар. Оған қатысушылар мобильді қосымшалар жасап шығарумен айналысады.

ДАРЫНДАРҒА ЖОЛ АШТЫ

Қордың қолдауымен сәтті жүзеге асырылған жобалар қатарына жас дарын Бақытжан Байжікеновтің Wunder.kz бағдарламаудың онлайн-мектебі жатады. Мектеп бүгінге дейін мыңдаған оқушыға сайттар, компьютерлік бағдарламалар және мобильді қосымшалар сынды IT өнімдер жасауды үйретті. Жүзеге асырылған «Method PRO» бағдарламасы Қазақстан көлемінде 300-ден астам оқушылар мен студенттерге қолдау және бағдарламалау негізінде үйретуге мүмкіндік берді. Тағы бір сәтті жоба – «Nopmi». Ол саяхаттаушылар үшін роумингке артық төлемеуге және үнемі байланыста болуға септік ететін роутер өндірісіне бағытталған. Қордың қолдауымен жоба командасы Сингапурде стажировкадан өтіп, инвестицияға ие болды. Өнімді сатып алушылар – АҚШ, Сингапур, Германия, Австралия, Канада, Ұлыбритания, Гонконг, Швейцария, Малайзия және т.б. елдер тұрғындары.

Робототехникадағы жас құрастырушылар өміріндегі жарқын оқиғалардың бірі – «KazRoboProject» жобасы. Бұл – 10 мен 21 жас аралығындағы балалар мен жастарды робототехникаға оқыту бойынша ғылыми-зерттеу және шығармашылық жобалар байқауы. Жоба шеңберінде 200-ден астам қатысушы өздерінің ең үздік жұмыстарын ұсынды. Ал жоба



ҚОҒАМДЫ ҚОЛДАУШЫ ҚОР

» Қазақстан мемлекеттігінің негізін қалаушы, еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев тәуелсіздік алған жылдан бері қашан да жастарды қолдауға өте үлкен назар аударып келеді. Мұны заңнамалық базаларды жетілдірудегі, мемлекеттік және мемлекеттік емес жастар ұйымдарының жұмыс істеуіне жан-жақты жағдай жасап, жастардың білім алуына және оларға арналған бірқатар әлеуметтік бағдарламалардың жүзеге асырылуынан көруге болады. Сонымен қатар Елбасы кәсіби жаңа буынды қалыптастырудың стратегиялық маңыздылығын нақты түсіне отыра жастар бастамашылдығын дамытуға ықпал ету, жастардың ғылымдағы, инновациядағы және мәдениеттегі ерекше қабілеттеріне қолдау көрсетуді басты назарға шығарады. Бұл міндеттер – Тұңғыш Президенттің жеке бастамасымен осыдан 20 жыл бұрын құрылған Нұрсұлтан Назарбаев қорының басты миссияларының бірі.

жеңімпаздарының бірі Любовь Дудченко Қытайдың Чуньцзын қаласында өткен XXXIII CASTIC 2018 ғылыми-техникалық инновациялар байқауында ел намысын лайықты қорғады. Оның «Oqur Qoq» деген жобасы аталған халықаралық байқауда бірінші орынды иеленді. Бұл жоба зағиптарға мәтінді Брайль шрифтіне аудару арқылы оқуға мүмкіндік береді.

ҚР Әділет министрлігі және қордың ұйымдастыруымен оқушылар арасында өткізілетін көлік саласындағы республикалық байқау да жастар тарапынан жыл сайын жақсы қолдау тауып келеді. Бұл байқауда қатысушылар авиакөлік инженериясы саласында білімдерін сынап, авиалайнерлерді жетілдірудегі идеяларын таныстыра отырып жарысқа түседі. Мәреге жеткендер Ұлыбританиядағы Крэнфилд университетінде аэроғарыш мектебінен стажировкадан өтеді.

Қор арқылы Тимур Рыспеков, Владислав Полонский және Анастасия Клещева сынды жас өнертапқыштар есімі кеңінен танымал болды. Олардың «Nasa Space Apps challenge» (АҚШ) халықаралық байқауына қатысуына қор қолдау білдірді. Бұл байқау ғарыштық зерттеулерді насихаттап, жаһандық міндеттерді шешу үшін IT және ғарыш саласы күштерін біріктіреді. Балалар осы байқаудың (The Best Use of Hardware) «Бағдарламалық

жабдықтарды дұрыс қолдану» номинациясында жеңімпаз атанды. Тимур Рыспековтің бүгінгі таңда 30-дан астам патенттелген жобасы бар және оған Microsoft пен NASAdан ынтымақтастық туралы ұсыныс түскен.

ЖОСПАРДА – ЖАҢА БАСТАМАЛАР

Қордың ауқымды жаңа жобаларына Елбасы ұсынған екі бастама – «Қамқорлық» және «Ел үміті» жатады. Бүгінгі таңда бұл жобалар «Қамқорлық» және «Елбасы Академиясы» корпоративтік қорлары арқылы жүзеге асырылуда. Қазақстанда қазірде 5,7 миллион бала, соның ішінде 89 мың бала мүгедектігі бойынша және білім беруде ерекше қажеттіліктері бар 150 мың бала тіркеуде тұр. Көбіне олардың ата-аналары білікті мамандар көмегі мен дұрыс ақпаратты қайдан және қалай аларын білмейді. Дәл сол себепті де Елбасы аталған бастаманы жүзеге асыруды тапсырды. Бұл бағыттың мақсаты – қоғамдағы ерекше қажеттілігі бар адамдардың барлық керегіне қол жеткізуді бәрімен теңестіру. Соның нәтижесінде ондай адамдар тек сапалы көмек алып қана қоймай, қоғамдық өмірге белсенді түрде тартылатын болады. Ал «Ел үміті» бастамасы болашақ көшбасшылар мен өз ісінің білгірлерін дамытуға

арналған жобалардың бірыңғай жүйесіне жұмылуға бағыттайды. Аталған бастама шеңберінде бірқатар жобалар жүзеге асырылуда. Мәселен, «Myi vala» – ұлттық олимпиадасы. Ол арнайы ауыл мектептерінен шыққан балалар үшін жасалған. Жыл сайын олимпиада 5, 6 сынып оқушыларының арасынан мыңдаған үздіктерді анықтайды. Оларға жаңа білім алуға, өзін жетілдіруге мүмкіндіктер жасалады. «Ел үміті» бастамасының екінші бағыты – жыл сайынғы «El Maqtanushy» жүлдесі. Бұл жүлде 7 пән, атап айтқанда, лингвистика, география, химия, физика, биология, математика және информатика бойынша халықаралық пәндік олимпиадада ең жоғары нәтиже көрсеткен оқушыларға беріледі.

ОНЛАЙН ОҚИТУ

Елбасы қоры жастардың білім алуына жаңа мүмкіндіктер аша отырып бірнеше жылдан бері онлайн оқыту жобаларын жүзеге асырып келеді. Коронавирус пандемиясынан білім беру саласында шектеулер пайда болуына байланысты қор онлайн оқытуды ұйымдастыру жұмыстарын жандандырды.

Онлайн-оқытудың өзектілігі жоғары болып тұрғанын ескере келе Елбасы қоры «Аман келешек» бағдарламасына түзетулер

енгізді. Соның аясында «Мен – жаңа әлемді жасаушымын» атты жоба жүзеге асырыла бастады. Бұл инклюзивті ағартушылық жоба балалар үйлері мен түзету мектеп-интернаттарының тәрбиеленушілеріне арналған. Жоба онлайн режимде өтетін шебер-класстар, воркшоптардан тұрады.

Назарбаев қорының екі онжылдық қызметіне көз жүгіртсек, қор жанындағы мемлекеттік тілді дамыту қорының сан салалы жұмысын да атымай кетуге болмайды. Бұл ұйым 2008 жылдан бері 200-ге жуық түрлі тіл жобаларын жүзеге асырған. Солардың ішіндегі ең сүбелілері: «Qaz Comics» интернет ресурсы, ол қазақтың аңыздарына негізделген қызықты онлайн комикстерден тұрады, ал «Soyle.kz» порталы қазақ тілін тегін үйретіп қана қоймай, ұлттық мәдениетпен танысуға мүмкіндік береді, бұған қоса «Qazaqstan3D» сайты Қазақстанның әдемі жерлері және еліміздің рухани мұрасымен, географиясымен, тарихы және туризм саласымен таныстырады.

Нұрсұлтан Назарбаев қоры жұмысының басым бағыттарының бірі – Елбасы идеяларын кеңінен насихаттау. Сол тұрғыда қор ынтымақтастық туралы қол қойылған меморандумдар аясында халықаралық беделді ұйымдармен тығыз жұмыс жүргізеді. Негізінен, бұл жобалар білім беру, мәдениет және қайырымдылық бағытына қатысты. Қор жанындағы әлемдік экономика және саясат институты жаһандық қауіпсіздік, жергілікті дағдарыс, экономика, жаңа сын-қатерлер бағыттарында халықаралық саясатты жүзеге асыру үшін зерттеу жұмыстарын сәтті жүргізуде.

Нұрсұлтан Назарбаев қорының 20 жылдық қызметінде жастар үшін көптеген жобалар дайындалып, жүзеге асырылды. Осы жылдар ішінде қор жүздеген талантты жастарға қанат бітіріп, олардың елдің намысын қорғайтын азаматтарға айналуына, прогрессивті өзгерістерді көшбасшысы болуына ықпал етті.

МЕКТЕПТЕР ЕНДІ ШАҚТАЛЫП САЛЫНАДЫ

Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

ХАЛЫҚТЫҢ ҚАЖЕТТІГІ ЕСКЕРІЛДІ

– Мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті дамытудың жол картасы жобаларды жоспарлауда сапаны арттыруға бағытталады. Атап айтқанда, жобалар халықтың қажеттіліктерін ескере отырып, жұмыстар, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігі мен сапасының деңгейін көтеруге бағытталуы тиіс. Жобаларды іске асыру, инфрақұрылымды ұстау, құрылыс пен жаңғырту жұмыстары шығыстарды оңтайландыру есебінен жүргізіліп, бюджет қаражатын үнемдеуді қамтамасыз етуі керек. Жобаның экономикалық тиімділігін есептеу кезінде түскен кірістер есебінен шығындарды өтеудің тетіктері жасалуы қажет, – деді М.Бектұрова.

Оның айтуынша, өткен жылы жобалардың бюджеттік тиімділігін арттыру шеңберінде мемлекеттік міндеттемелерсіз төрт келісімшартқа қол қойылды. Соның ішіндегі үшеуі денсаулық сақтау саласына, біреуі білімге қатысты болды. Атап айтқанда, стационарлық және стационарды алмастыратын 44 төсек-орынға арналған көпбейінді аурухана, эфференттік терапия және гемокоррекциялық орталық, отбасылық денсаулық орталығы құрылысы жүргізіліп, гуманитарлық колледж сенімді басқаруға берілді.

– Биыл экология саласында мемлекеттік міндеттемелерді қабылдауды көздейтін келісімшарт жасалды. Жоба аясында тұрмыстық қалдықтарды кешенді өңдеу бойынша халықаралық стандарттарға жауап беретін өндіріс салынады. Жалпы инвестиция көлемі – 2,9 миллиард теңге. Қазір жоспарлаудың әртүрлі сатыларында 18 жоба қарастырылып жатыр. Олар білім, денсаулық сақтау, спорт, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық салаларында жүзеге асырылады, – деді қала әкімінің орынбасары.

АТ СПОРТЫ КЕШЕНІ БОЙ КӨТЕРЕДІ

Соның ішінде білім саласында 12 жоба пысықталып жатыр. Атап айтқанда, әрқайсысы 2 мың орындық 10 мектептің құрылысы, бес мектеп пен 10 мектеп алаңын сенімді басқаруға беру бар. Соның басты шарты – инвестор өз қаражатына жаңа мектептер салуы керек.

– Мектептердің тығыздығын азайту және білім берудің сапасын арттыру мақсатында осы жылы жан басына қаржыландыру тетіктері қаралып, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында жаңа үлгі бойынша 10 мектеп құрылысына қатысты келісімшарт жасау жоспарланып жатыр. Бұл мектептерде орындар тапшылығын 40 мыңға қысқартуға мүмкіндік береді. Денсаулық сақтау саласында екі жоба пысықталуда. Олар бойынша келісімшартты жыл соңына дейін жасау жоспарланды. Бұл – Кенесары көшесі, 52 мекенжайындағы стационарды алмастыратын амбулаториялық-хирургиялық орталық пен Бараев көшесі бойындағы амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін отбасылық денсаулық орталығы, – деді М.Бектұрова.

Спорт саласы бойынша да екі



» Елордада мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында 33 жоба жүзеге асырылады. Қазіргі таңда бұл жобалар жоспарлаудың және іске асырудың әртүрлі сатысында тұр. Жалпы алғанда 2017-2020 жылдары осының шеңберінде 12 келісімшарт жасалды. Соған сәйкес 37,7 млрд теңгеге жуық инвестиция тартылып, 6 келісімшарт бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылданды. Соның ішінде алты балабақшаның құрылысы, фото-бейнебақылау кешені, әкімдікке көлік қызметін көрсету және мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған паралимпиада орталығы сияқты жобалар бар. Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының кезекті сессиясына қатысқан қала әкімінің орынбасары Малика Бектұрова осыны мәлімдеп, аталмыш жобалармен таныстырды.

жоба жүзеге асырылады. Оның алғашқысы «Қазақстан» спорт кешенін жаңғырту болса, екіншісі, ат спорты кешенінің құрылысы. Ал тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында құдықтар ашық қалмауы үшін датчиктерді орнату жобасы пысықталып жатыр. Бұл жоба құдық қапқатарының ұрлануын алдын алып, халықтың қауіпсіздігін сақтауға бағытталған. Сондай-ақ жақында 360 орынға арналған балабақша пайдалануға беріледі.

БАЛАБАҚША ҚҰРЫЛЫСЫ КӨНІЛ КӨНШІТпейді

Таяуда ғана қалалық мәслихат депутаттары мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында салынып жатқан нысандарды аралап, осы балабақша құрылысымен де танысты. Сол кезде бірқатар кемшіліктер анықталды. Сессияға төрағалық еткен мәслихат депутаты Саят Батпенев осы олқылықтарға назар аударды.

– №29 және №36 көшелерінің бойындағы 360 орынға арналған балабақша төбесінің биіктігі сәйкес келмейді. Тым төмен салынған. Терезелері де кішкентай. Сол себептен күн сәулесі аз түседі. Желдету жүйесі де жоқ. Балдырғандарды оқытуға арналған бөлмелер де стандарттарға сай емес. Осы орайда Білім басқармасы мәселені реттеуі тиіс. Ескі мектептерді сүріп, орнына жаңа мектептерді салу қаншалықты тиімді болады? Ескісінің де, жаңасының да сыйымдылығы бірдей екен. Егер ескілері сүрілсе, жаңа мектептер салынғанша

оқушылар қайда оқиды? – деді С.Батпенев.

Қалалық мәслихат хатшысының міндетін атқарушы Мәжит Шайдаров балабақша құрылысындағы кемшіліктерді болдырмау керектігін атап өтті. Нысанның екінші қабатында техникалық бөлмелер орна-

ласқан. Бұл бөлмелер үйірмелерге бейімделмек екен. Депутаттың пікірінше, онда балаларға тар болады. Мұның үстіне санитарлық жағдайы сәйкес келмейді.

– Балабақша инвесторымен сөйлескенімде, оның мемлекеттік тапсырыс алмай, таза жекеменшік нысан ашуды жоспарлап отырғанын түсіндім. Бұл қалай болады? – деді М.Шайдаров.

Бұл мәселеге жауап берген қала әкімінің орынбасары Малика Бектұрова келісімшартқа сәйкес балабақшаға кем дегенде балалардың 30 пайызы мемлекеттік тапсырыс арқылы қабылдануы керектігін айтты.

– Мемлекеттік тапсырыс балабақша ақысын реттеу үшін керек. Егер инвестор нысанды толығымен жекеменшік етсе, онда ағымдағы шығындарды есепке алғанда, төлемақы айына 100 мың теңгеден басталатын болады. Ал мемлекет шығындарды өтеп беріп отыр. Осындай қадамға қалада балабақша тапшылығын жою үшін барып отырмыз. Келісімшартта бәрі анық көрсетілген, – деді М. Бектұрова.

ЖАҢА ҮЛГІ, ЖАҢА ОҚУ ОРЫНДАРЫ

Қалалық мәслихат депутаты Мирас Шекенов мектептер құрылысы мәселесін көтерді. Оның пікірінше, жаңа мектептер салынуымен оқушылардың жағдайы жақсарады. Бірақ ескі және жаңа мектептердің сыйымдылығы бірдей болғандықтан, орта білім беру орындары тапшылығы жойылмайды. Ол ескі мектептерді сүрмей, оларға

жапсаржай салу мәселесін қарауды ұсынды.

– Ескі екі мектепті сүріп, орнына жаңа мектептерді салу туралы нақты шешім әлі шыққан жоқ. Бірақ мынаны атап өтуім керек: бұрын мектептер 600 оқушыға шақтап салынатын. Қазір стандарт 1200 оқушыға жетті. Ал жаңадан салынайын деп жатқан 10 мектеп 2 мың оқушыға арналатын болады. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында бой көтеретін бұл нысандарды қазір инвесторлармен талқылап жатырмыз. Жаңа оқу орындары №85, 13, 57, 86, 53, 40, 41 мектептердің тығыздығын азайту үшін салынады. Қазір аталған мектептер бойынша мәселе өзекті болып отыр. Яғни, жаңа жалпы білім беру орындары бос кеңістіктерде емес, нақты мектептер керек аумақтарға салынады, – деді бұл мәселе бойынша М.Бектұрова.

БЕЙБІТ ЖИНАЛЫСТАР МЕН ШЕРУДІ ҚАЙДА ӨТКІЗУГЕ БОЛАДЫ?

Сессия барысында елордада бейбіт жиналыс пен шеру өткізу орындары бекітілді. Қалалық Ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Ақмарал Сәбитқызының айтуынша, жиналысқа үш орын, шеруге бір орын белгіленді. Жиналыстарды Ш.Құдайбердіұлы мен А.Пушкин көшелері қиылысындағы шағын бақта, «Астаналық» цирк алдындағы алаңда, Жеңіс-Абай даңғылдары - Т.Бигелдинов-Желтоқсан көшелері аумағында өткізуге болады. Алдындағы екі орынның әрқайсысына 1 мыңға дейін, ал үшіншісіне 500 адамға дейін жинала алады. Бұл аумақтарда автотұрақтар, жарықтандыру бар, «Сергек» бейнекамералары орнатылған. Ал шеруге «Жазушылар» аллеясынан, Абай даңғылы - Ә.Сембинов көшесінен бастап, Ш.Құдайбердіұлы - А.Пушкин көшелеріндегі шағын бақта дейін орын берілген. Аумақтың жалпы ұзындығы – 2055 метр. Оған да шамамен алғанда 1 мың адамға дейін қатыса алады.

ӘРТҮРЛІ НЫСАНДАРҒА АРНАЛАДЫ

Мемлекет мұқтаждығы үшін жер телімдерін сатып алу жобасымен Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасының басшысы Асылбек Есенбаев таныстырды. Оның айтуынша, әртүрлі құрылыс жұмыстарына 580 млн теңге сомасына жалпы ауданы 3,3 гектарды құрайтын 10 нысан бойынша 53 жер телімін сатып алу көзделген. Бұл учаскелер С 89 көшесіндегі 600-800 орынға арналған көпсалалы аурухана құрылысына, Тұран даңғылы және №24 көше қиылысында мектепті салуға, Мыңжылдық аллеясында саябақтар мен желекжолдарға, Қ.Сәтбаев - Ж.Нәжімеденов көшелері аумағында мектепке, Т.Жүргенов - А.Байтұрсынұлы - Ж.Нәжімеденов - №23-16 көшелеріндегі паркінгі және әлеуметтік-мәдени нысандары бар көппәтерлі тұрғын үй кешені құрылысына, Қарасай батыр және Бұланты көшелері қиылысындағы мектепке, А.Пушкин көшесінен Конституция көшесі аралығында шағын айналма жолын салуға, Ш.Құдайбердіұлы 2/1,2/2 мекенжайында паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй кешеніне арналады.



» Бастапқыда «Ақмола ақиқаты» болып оқырманмен жүздесіп, кейін «Астана ақшамы» болып өзгерген газеттің атында 2004 жылы да біраз өзгерістер болыпты. Оны біз екі аптаға жетпей үш рет өзгерген газет атынан байқадық. Атап айтқанда, 2004 жылы 1 қаңтардан бастап газет аты «Астана» болып өзгерсе, бірнеше нөмірден кейін «Астана ақшамы» атын қайта тауыпты. Алайда 13 қаңтардан бастап қайта өзгеріп, жыл соңына дейін «Астана хабары» деген атпен шығыпты.



ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ РЕСЕЙ ЖЫЛЫ

2004 жылы Ресейдің Қазақстандағы жылы аса жоғары деңгейде аталып өтті. Ең әуелі бас қаламызда Ресей өнер жұлдыздарының концерті өтіп, астана халқын керім кештің кереметінен көз айым қылса, екі ел башылары да бірнеше мәрте кездесіп, келелі кеңестер өткізіпті. Оны «Астана ақшамы» «Ресей Президентінің жыл басындағы бұл сапары еліміздегі ең елеулі саяси оқиға деп бағаланып отыр» деп жазыпты.

«Сол бір алыс жылдарда» деген тақырыппен тың ардагерлері, Социалистік еңбек ерлері Б.Оразалин, Н.Малғаждаров, Қ.Жуасов жайлы; алғаш рет алып трактор тізгіндеген қазақ қызы Кәмшат Дөнентаева жайлы сыр шертіпті. Жалпы тың игерудің жарты ғасырлық мерейтойы Арқа төсінде айрықша аталып өтті. Оған Елбасы Назарбаев қатысып, маңызды сөз сөйлепті.

«АТУ ЖАЗАСЫНА ЕКІ РЕТ КЕСІЛГЕН»

XX ғасырдың 30-жылдары қазақ тарихындағы ең ауыр кезеңдердің бірі болды. Аштықтан екі миллионнан аса адам қаза тапса, 37-38 жылдары 29 мың адам жазықсыз атылып кетті. Өне, солардың қатарында екі рет ату жазасына кесіліп, екі ретінде де ақталды «оғы өтпеген» Бекболат Мұстафин 95 жасында «Ақшамның» тілшісі Құралай Рақымбаеваға сұхбат беріпті.

Б.Мұстафин 1909 жылы Семейдің Абай ауданында дүниеге келіпті. 1937 жылы Қазақстан Орталық партия комитетінде идеология бөлімін басқаратын Б.Мұстафинге «Мирзояның тілшісі «Жер жылуы», «тың – тарихымыздың бір тармағы» деген мақалаларында еңбек ерлері жайлы сыр шертсе, Мағжан Садықханұлы



ТЫҢ ТУРАЛЫ ТЫҢ ДЕРЕКТЕР

1954 жыл – Қазақстан тарихында айрықша орын алатын кезеңнің бірі. Себебі еліміздегі 36 млн гектар егістік жердің 25 млн гектары дәл осы жылдан басталған Кеңестер Одағының «тың игеру» науқаны кезінде аңызға айналған. Міне, осы бір айтулы науқанға 2004 жылы 50 жыл толуына байланысты «Игерілген тың: аңыз бен ақиқат» деген тақырыппен газеттің 5 нөмірінде желпілес

беріп, кейін 20 жылға соттапты. Осыдан кейін Алматыдағы түрмеден Мәскеу түрмесіне, одан Воркутадағы «өлім» лагеріне қамалған ол түрмеден қашам деп қол түсіп, тағы да ату жазасына кесіліпті. Бірақ ол да кейін ұзақ мерзімге соттаумен ауыстырылыпты. Басынан кешкен осы бір таралаң тарихты тізбелеп шыққан асақал ашаршылық жайлы да сөз қозғап, «Қазақстанда ашаршылықтың 1928-29 жылдары басталды» деп оған тың дәлелдер айтыпты.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫқты ДӘРІПТЕГЕН...

2004 жылғы газетте ұлттық құндылықтарды насихаттаған мақалалар аз емес. «Ат тергеу әбестік пе?», «Валентин күні керек пе?», «Орамал тағу айып па?», «Құралай Рақымбаева», «Қазақ әйелі қандай болуы керек?», «Сағұл Жарлықасын» деген тақырыптар ұлттық болмысымызды жоғалтпауды дәріптесе, ақын Жұпар Қожақ «Қазақтың ұлттық киім үлгісі» деген тақырыппен жазған желпілес мақаласында қазақ ұлтының киім-кешек мәдениетіне тоқталыпты.

РЕЙХСТАГҚА ТУ ТІККЕНДЕР

Екінші дүниежүзілік соғыста Рейхстагқа ту тіккен Рақымжан Қошқарбаевты күлі қазақ танығанымен, сол қуанышты тойлап, Рейхстаг ішінде қуаныш пен мақтаншты оғын әуеге ату салтанатына ие болған қазақ азаматы Тұрсынбай Момынқұловтың аты ұдайы атала бермейді. Алайда Тұрсынбай атаның теңдессіз ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Әскер қатарына 17 жасында шақырылып, Берлинді азат етіп бір-ақ қайтқан Момынқұлов кейінгі өмірін Астанада өткізіпті. Осы бір тарихты жеңіс күні қарсаңында қайта аунатқан

ҚАЗАҚСТАН – АСТЫҚТЫ МЕМЛЕКЕТ

Сағұл Жарлықасынның Қазақстанның астық экспортындағы орны жөнінде жазған материалы да қызықты деректерге толы. «Қазақстан ТМД елдері бойынша экспортқа бидай шығаратын бірден-бір ел» деп сөз бастаған автор 2001 жылы экспортқа бидай шығарған елдер арасында еліміздің әлем бойынша 7-орынға шыққанын көрсетіп, сол жылы Қазақстан 3,002 млн тонна бидай экспорттағанын жазыпты.

АБЫЛАЙ ХАН ЕСКЕРТКІШ

2004 жылы 8 шілде күні Бұрабайдағы Абылай хан алаңында «Абылай хан» ескерткіші ашылыпты. Оған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қатысып, «Бұл ескерткіш Абылай бабамыздың ұлт тәуелсіздігі жолындағы тынымсыз күресіне бүгінгі ұрпақтың тағзымы іспетті» деп ықыласы лебіз білдіріпті. Бұл жөнінде Ғалым Қожабе



ков арнайы барып мақала жазыпты.

ТУВІ БІР ТҮРКІЛЕРДІҢ БАСҚОСУЫ

2004 жылы 14-15 шілде күндері Астанада түркі мә-

дениеті мен өнерін бірлесіп дамыту жөніндегі халықаралық ұйым - ТҮРКСОЙ-дың XXI мәжілісі өтті. Оған 10-нан аса түркітәлдіс мемлекеттердің өкілдері қатысып, түркі халықтарының мәдениеті мен өнерін дамыту жөнінде келелі кеңес өткізілді. Сондай-ақ 1992 жылы Стамбулда құрылған ТҮРКСОЙ-дың атқарған жұмыстарына тоқталып, алда істелетін істері талқы таразысына салыныпты. «Қазақстандағы ГҮЛАГ» Кешегі кеңестік тоталитарлық жүйенің бір көрінісі «ГҮЛАГ» десек, оның бөлімшелері Қазақстанда да болған. Ол өткен ғасырдың 30-жылдарында Жезқазған жерінде КарЛАГ-тың бөлімшесі ретінде құрылып, 1940 жылы «Жезқазған еңбекпен түзету орталығы», 1948 жылы «ІМ далалық лагері» деп аталған «СтепЛАГ». Міне, осы СтепЛАГ туралы қалам тербеген тарихшы ұстаз Сейітқали Дүйсенов аталған лагерде болған 1954 жылғы тұтқындардың көтерілісі жайлы сөз қозғап, көтерілістің аяусыз жанышталғанын, алайда төгілген қан текке кетпей, 8 мың тұтқын ақталып шыққаны, жаза лагерінің де 1958 жылы біржола жабылғанын жазыпты. Редакцияда жұмыс қайнап жататын-ды. Елорданың бас газеті тілшілерін жылт еткен жаңалықтарын насихаттауға ар-

на йы шақырмайтын кезіректердің кездесуіне, жаңа туындының тусаукежәне, яки, қала әкімшілігі ұйымдастырған түнгі ойын-сауық сияқты жинандарға қатысуға кетіп бара жататыныбыз. Содан ортасында «таксилетіп» зорға жетіп жүретін едік. Газет тілшісі болған қысқа мерзім ішінде жоғарыда аты-жөндері аталған әріптестеріміз өте жақсы татулық, сыйластықта болдық. Елімізге есімі әй-

болған жыл болыпты. Атап айтқанда, дәл осы жылы Голливудтың өкілдері мен «Қазақфильм» бірлесіп түсірілген «Көшпенділер» фильмінің алғашқы түсірілімдері аяқтапты. Журналист Нұр-Алтай фильмінің түсірілуі барысын және ондағы актерлар туралы жақсы мәліметтер беріп, көрермендерден «қазақ тарихын әлемге әйгілейтін туынды дүниеге келді» деп сүйінші сұрапты.

«Қазақ тілін оқытуға әрдайым басымдық беріледі. Өйткені қазақ тілінің қажеттілігі объективті жайтқа айналады». Бұл Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Астанада өткен білім және ғылым қызметкерлерінің III съезінде сөз сөйлеген кезде Мемлекеттік тіл жөнінде айтқаны. Тыңдаған жанның жігеріне жебеу, үмітгіне демеу беретін сөз. Алайда содан бері 16 жыл өтті. Қазақ тілі әлі тұсаулы аттай сол орында тыпырлап тұр. Осыған қарағанда кейде айтылған сөз, жазылған мәселе сол жердің өзінде қалып қала ма деген ой келеді. Әйтпесе, Президент қолдап тұрғанда 15 жылда қазақтілі мемлекет жасау түк те қиын емес қой.

«аймақтық қауіпсіздікке айрықша мән береді» деген тақырыппен «Ақшамның» бетіне айшықтапты. «КӨШПЕНДІЛЕР» ДІҢ ТҮСІРІЛІМІ АЯҚТАҒАН ЖЫЛ Алты алшақ аты мәлім, әйгілі өнші Жүсіпбек Елебеков 2004 жылы 100 жасқа толыпты. Қазақтың өн өнеріне өшпес із қалдырған осы бір айтулы тұлғаның

АСТАНАДАҒЫ АЛҚАЛЫ ЖИЫН

2004 жылы ТМД мемлекеттері президенттерінің кезекті саммиті ҚР Президентінің жаңадан салынған резиденциясында өтті. Осы басқосуда құрамында ТМД елдерінің сыртқы істер министрлері, қауіпсіздік кеңесінің хатшылары, шекара қызметкерлері мен құқық қорғау органдарының басшылары кіретін Қауіпсіздік кеңесін құру Қазақстан тарапы жағынан ортаға қойылып, оған жиналысқа қатысқан басшылар бірауыздан қолдау білдіріпті. Осы бір тарихи уақиғаны Ерлібай Қадырбай

ЖҮСПЕБЕК ЖҮЗ ЖАСТА

2004 жыл қазақ киносы тарихында үлкен жаңалық



Төлеген **ЖӘКПАТТАЙҰЛЫ**, журналист



өнер жолына қысқаша шолу жасаған Құралай Рақымбаева – «Жүсіпбек Елебеков қазақ өнерінің өкілдері мен «Қазақфильм» бірлесіп түсірілген «Көшпенділер» фильмінің алғашқы түсірілімдері аяқтапты. Журналист Нұр-Алтай фильмінің түсірілуі барысын және ондағы актерлар туралы жақсы мәліметтер беріп, көрермендерден «қазақ тарихын әлемге әйгілейтін туынды дүниеге келді» деп сүйінші сұрапты.

«ҚАЖЫЛЫҚ САПАР ҚОЛЖАУЛЫҚ ЕМЕС»

Дәл осы тақырыппен сөз қозғаған Амантай Әбілұлы соңғы кездері қажылыққа барудың дүрмекке айналып бара жатқанын айтып, «қажылық сапар ел көріп, жер көріп қайтатын туристік саяхат емес, керісінше бір Аллаға мінәжат етіп, біліп және білмей істеген қуналары үшін кешірім сұрап, тауба қылатын сапар» деп түйіндепті.

ҚАЗАҚТЫҢ САНЫ НЕГЕ ӨСПЕЙДІ?

2004 жылы «Астана хабарының» соңғы нөмірлерінің бірінде Мағжан Садықханұлының «Кіріптар болмайық десек, көбейейік» деген мақаласы жарияланды. Газеттің бас бетінен ойшыл орын ала бұл мақалада «тау жылдарда қазақ халқының санын 20 миллионға жеткізудің» маңыздылығы жөнінде тоқталыпты. Айтылған уәж, келтірілген деректің бәрі орынды-ақ айтылған. Алайда содан бері 16 жыл өтсе де, қазақ халқы түглі бүкіл Қазақстан халқының саны әлі 20 миллионға жеткен жоқ. Бұған не себеп сонда? Қазақстанда қазақтың саны, тілінің мәртебесі қашан өседі?

ҰЙЫМШЫЛ ҰЖЫМ

» ...«Астана ақшамы» газетінде жыл жарымнан астам уақыт қана тілшілік қызмет атқарғаныммен, сол жиырма жыл бұрынғы журналистік күндер жадыма күні бүгінгідей жаңғырып тұр.

Бұл кезек бас редактор Жұмагүл Саухаттың «Астана ақшамына» әр өңірдің қаламы жұрдек тілшілерін іріктеп жинаған шағы. Алматыдан келген кезімде редакция ұжымы кілен сайдың тасындай сақа журналистерге толы еді. «Астана ақшамының» редакциясы ол кезде «оң жағалаудағы» ескі балабақша ғимаратының екіінші қабатында болатын. 1999 жылдың аяғында газеттің «Мәде-

ниет, әдебиет және өнер» бөліміне тілші болып қабылдандым. Осы бөлімде 2001 жылдың шілде айына дейін сол тұста қаламы ұшқыр журналист, қазір есімі елге белгілі этнограф-жазушы Қайратұлы Бекен ағаман тізе қоса қызмет атқардық. Жетісу өңіріне танымал журналистердің екеуі газеттің басышлық қызметінде. Талғат Батырхан ағам бас редактордың бірінші орынбасары, марқұм

Әсембеков Ергаза ағам жауапты хатшы. Батырхан Төлеуғалиев Таңатар аға, Рамазанов Темірхан аға, қарағандылық марқұм Тілеуов Айтқадір аға, торғайлық Ашүкәріқызы Әріс апай, ақмолалық журналистер Қожабеков Ғалым аға мен Ошақбаев Сағат ағалар – сол кездің өзінде жастары қырықтың о жақ, бу жағындағы көңігі журналистер. Тіпті, газетті фотосуреттен тарықтырмайтын елгезек

Виктор Федюниннің өзі москал фотоліші еді. Сондықтан болар, жасымыз отыздан енді асқан көпше-сының есебін беріп, газеттің алдағы нөмірлері күн сайын пысықталып отырады. Оның үстіне газеттің он бес қызметкері редакцияға таяу тұстағы көне жатақханының ұзын дәлізді бір қабатында бірге тұратынымыз тағы бар. Бас редактор мен бірінші орынбасардың және бірекі қызметкердің ғана

және кешкі лездемесінен ешкімнің бес минут кешігуге құқы жоқ. Тілшілер күнәра өз жұмысының есебін беріп, газеттің алдағы нөмірлері күн сайын пысықталып отырады. Оның үстіне газеттің он бес қызметкері редакцияға таяу тұстағы көне жатақханының ұзын дәлізді бір қабатында бірге тұратынымыз тағы бар. Бас редактор мен бірінші орынбасардың және бірекі қызметкердің ғана

және кешкі лездемесінен ешкімнің бес минут кешігуге құқы жоқ. Тілшілер күнәра өз жұмысының есебін беріп, газеттің алдағы нөмірлері күн сайын пысықталып отырады. Оның үстіне газеттің он бес қызметкері редакцияға таяу тұстағы көне жатақханының ұзын дәлізді бір қабатында бірге тұратынымыз тағы бар. Бас редактор мен бірінші орынбасардың және бірекі қызметкердің ғана

және кешкі лездемесінен ешкімнің бес минут кешігуге құқы жоқ. Тілшілер күнәра өз жұмысының есебін беріп, газеттің алдағы нөмірлері күн сайын пысықталып отырады. Оның үстіне газеттің он бес қызметкері редакцияға таяу тұстағы көне жатақханының ұзын дәлізді бір қабатында бірге тұратынымыз тағы бар. Бас редактор мен бірінші орынбасардың және бірекі қызметкердің ғана

және кешкі лездемесінен ешкімнің бес минут кешігуге құқы жоқ. Тілшілер күнәра өз жұмысының есебін беріп, газеттің алдағы нөмірлері күн сайын пысықталып отырады. Оның үстіне газеттің он бес қызметкері редакцияға таяу тұстағы көне жатақханының ұзын дәлізді бір қабатында бірге тұратынымыз тағы бар. Бас редактор мен бірінші орынбасардың және бірекі қызметкердің ғана

және кешкі лездемесінен ешкімнің бес минут кешігуге құқы жоқ. Тілшілер күнәра өз жұмысының есебін беріп, газеттің алдағы нөмірлері күн сайын пысықталып отырады. Оның үстіне газеттің он бес қызметкері редакцияға таяу тұстағы көне жатақханының ұзын дәлізді бір қабатында бірге тұратынымыз тағы бар. Бас редактор мен бірінші орынбасардың және бірекі қызметкердің ғана

және кешкі лездемесінен ешкімнің бес минут кешігуге құқы жоқ. Тілшілер күнәра өз жұмысының есебін беріп, газеттің алдағы нөмірлері күн сайын пысықталып отырады. Оның үстіне газеттің он бес қызметкері редакцияға таяу тұстағы көне жатақханының ұзын дәлізді бір қабатында бірге тұратынымыз тағы бар. Бас редактор мен бірінші орынбасардың және бірекі қызметкердің ғана



«Вирус жоқ деп сенбегендердің: «Ауырған танысың бар ма, көрсетші?!» деп мысқылдайтын кезі артта қалды. Қазір қауіпті дерт қаһарына мініп, елдегі жағдай ушыққанда күлуге шама келмей тіпті: «Ауырмаған адам қалды ма?» дейтін күйге жеттік. Иә, халықтың бәрі бірдей COVID-19 инфекциясының нақ өзі болмаса да, соған жақын белгілері бар өкпе қабынуының түрлі деңгейінде ауырып жатыр.

Райхан РАХМЕТОВА

Айналдырған екі аптаның ішінде елдегі эпидемиологиялық жағдай тым күрделеніп кетті. Бар тірлікті жиып қойып, «бірінші байлықтың» қамын жасауға кіріскен адамдар тіпті өз қаржысына дәрі мен қызмет көрсететін маман таппай қиналуда. Қауіпті аурудың сесі күн санап өскен статистикадан да байқалып тұр. Бүгінге дейін елде вирус жұқтырған 41065 адам тіркелді. Бір тәулікте 1604 қазақстандық вирус жұқтырған. Соның ішінде ең көбі – елордалықтар, мұнда 5442 науқас анықталды. Бұл – клиникалық белгісі бар және симптомсыз науқастарды қоса алғандағы есеп. Енді 1 шілдеден бастап ҚР Денсаулық сақтау министрлігі бұл көрсеткіштерді бөлек санау әдісінен бас тартып, екі статистиканы біріктірді. Соңғы бір тәулікте 110 астаналық дертке шалдыққанымен, адам өлімі тіркелмеді. Елордада бұған дейін барлығы 61 адам аурудан көз жұмды. Пневмонияның өршуі дүрбелеңді одан сайын күшейтіп, шектен тыс сұраныс тапшылықты тудырды, яғни ауруханаларда орын мен дәрігер, дәріханаларда керекті дәрі-дәрмек жетпей, аурумен әркім өзі бетпе-бет қалған соңғы 15 күннен бері халық әуре-сарсаңға түсуде.

ДӘРІГЕР ДЕ, ДӘРІ ДЕ ЖЕТІСПЕЙДІ

Шығалаң шақтың қордаланып бара жатқан мәселелерін шешуге Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев араласып, елдің жағдайын тиісті дәрежеде жасай алмаған басшыларды сөкті және ахуалды жақсартуы тиіс шараларды қолдануды тапсырды. Соның ішінде елді дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді Үкіметке бес күнде шешуге тапсырма берді. Брифингтерде дәрігерлер үй жағдайында емделгеннің өзінде дәрі-дәрмектің бәрін беталды сатып алып, ішіндер демейді. Міндетті түрде учаскелік дәрігердің нұсқаулығы болуы керек. Дәрігерлердің айтуынша, жұрт жаппай алып жатқан

БЕЙҚАМ БОЛСАҚ АУРУ АЗАЙМАЙДЫ



Алексей ЦОЙ, ҚР Денсаулық сақтау министрі:

– Халықтың сұранысы негізінен дене қызуын түсіретін препараттарға көбейген. Осы қажеттілікті ескеріп, дәрі-дәрмекті сатып алу мен жеткізу ережелерін қайта қарау туралы шешім қабылданды. Отандық өндірушілер дене қызуын түсіретін препараттардың ірі партиясын жеткізді. Аптаның аяғына дейін 70 мың қаптамма «Ингавирин» мен 40 мың қаптамма «Терафлю» көтерме қоймаларға жеткізіліп, одан әрі қарай өңірлерге жіберіледі. Алайда бұл дәрі-дәрмектер емдеу хаттамасына сәйкес амбулаториялық деңгейде Covid-19 індетін емдеуге қолданылмайтынын естеріңізге салғым келеді.

«Парацетамол» рецептісіз сатыла береді екен. Ал бактерияға қарсы «Амизон», «Тамифлю», «Азитромицин» сияқты препараттар емдеу хаттамасына сәйкес міндетті түрде дәрігердің нұсқауымен сатылады. Мамандардың бақылауымен үйінде емделетін, КВИ-дің жеңіл түріне шалдыққан науқастарға дене қызуын түсіретін, қанның қоюлығын сұйылтатын дәрілер ұсынылады.

Денсаулық сақтау министрлігі әкімдіктермен және бөлшек сауда желілері қауымдастықтарымен арада меморандумға қол қойды. Енді бір адамға препарат 2-3 қаптамма күйінде, шектеулі түрде сатылады. Себебі ем-дом курсына дәл сонша препарат керек. Әрі препараттар үйде босқа жатып қалмауы қажет. Себебі олардың әрқайсысының өз жарамдылық мерзімі бар. Осылайша алдын ала байбалам салып, қорқынышын жеңе алмай дәріханаға жүгіретін кейбір адамдардың дәріні қаптап алуына тыйым салынады. Алайда бір үйде бірнеше адам ауырып жатса, дәрі-дәрмекті сату жағынан шектеу болмайды. «Бұл – дәрігердің рецепті.

Дәрігер ем-дом алу үшін тиісті курс бойынша пациентке дәрі жазып береді» деді ҚР Денсаулық сақтау вице-министрі Людмила Бюрабекова.

Дәрілер бағасына келсек, былтыр қосылған DariKZ мобильді қосымша арқылы дәрі-дәрмектің бағасын көтерген дәріханаларға шағымдануға болады. Бұл қосымшада Қазақстандағы дәрі-дәрмектерге шекті рұқсат етілген баға белгіленген. Осы арқылы препараттың бағасын біліп қана қоймай, басқа дәріханалармен салыстыруға мүмкіндік бар. Егер дәріханадағы бағаның қымбаттағанын байқасаңыз, онда қосымшадағы батырманы баса отырып, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығына мәлімет жіберу керек. Нәтижесінде орталық мамандары аталмыш дәріханаға тексеру жұмыстарын жүргізіп, Денсаулық сақтау министрлігі олардың жұмысын шектейтін болады.

ІНДЕТ ҮЙ ІШІНДЕ ТАРАЛЫП ЖАТЫР

Қазіргі уақытта эпидемиологиялық жағдай инфекцияның үйде таралу деңгейіне

өтіп кетті. Вирус халық ішіне тарады. Өткен брифингте ҚР жаңадан тағайындалған денсаулық сақтау министрі осыны айта келе, кейінгі айларда медициналық ұйымдар күшейтілген режимде жұмыс жүргізіп жатқанын жеткізді. Медицина қызметкерлері инфекция жұқтырған адамдарды емдеп, олармен үнемі жақын қарым-қатынаста жүр. Сол себепті олар да ауырып қалып жатыр. Министрдің айтуынша, бұл кадр тапшылығы мәселесін күрделендірді. «Бірақ ресурс жеткілікті. Біз оны да еңсеріп келеміз. Үкіметтік шаралардың жаңа пакеті жағдайды тұрақтандырады» деп үміттендіре келе ол, осы ретте медицина қызметкерлерінің жанқиярлық еңбегіне алғысын білдірді. «Осындай қиын уақытта, өз отбасылары мен жақындарын қалдырып, олар өз денсаулығы үшін қауіпті жағдайда емделушілерге медициналық көмек көрсетуді жалғастыруда. Бұл кәсіп – жанқиярлық пен адалдықты талап ететін күрделі әрі қауіпті жұмыс. Осыған байланысты, сіздерден бізбен тығыз қарым-қатынас жасап, медицина қызметкерлерінің қиын еңбегіне қолдау көр-

сетулеріңізді сұраймыз» деді А.Цой.

Дегенмен пандемияның әлі қанша уақытқа созылары белгісіз. Төрт айдан бері көптеген медицина мамандары алдыңғы шепте жүріп, індетпен күресуде. Сондықтан бүгінгі бар ресурсқа қарамастан, қазіргі жағдай қосымша күш жұмылдыруды, қосымша ауруханалар ұйымдастырып, алғашқы медициналық-санитарлық көмекті күшейтуді талап етеді. Осыған орай медициналық кадрлардың қазіргі және болашақтағы қажеттілігін қамтамасыз ету үшін қосымша мамандарды жұмылдыру қажеттілігі мәселесі де көтеріліп отыр. Әсіресе, жұқпалы ауруханаларда, провизорлық стационарларда және зертханаларда жұмыс істейтін дәрігерлер, орта және кіші медицина қызметкерлері, волонтерлер қажет.

АМБУЛАТОРИЯЛЫҚ ЕМГЕ ДЕ ӨЗГЕРІС ЕНДІ

КВИ-ді диагностикалау мен емдеу хаттамасына енгізілген толықтырулар бойынша бұрын тек стационарда қолданылып келген кейбір дәрілермен енді амбулаториялық деңгейде емдеуге болады.

Людмила БЮРАБЕКОВА, ҚР Денсаулық сақтау вице-министрі:

– Аталған хаттамма Денсаулық сақтау министрлігінің сапа бойынша бірлескен комиссиясымен осы жылдың қаңтар айында әзірленіп, бекітілген болатын. Құжатқа ем-домның жаңа схемасы – этиотропты ем, вирусқа қарсы терапия енгізілді. Препараттардың саны 4-ке артты. Қазіргі таңда лапиновир, ретоновир қолданыста. Ол ем-дом схемасында болған. Ал құжат бойынша қазір хлорохин және гидроксихлорохин, рендисивир және Жапония, РФ-да кеңінен қолданысқа енгізілген фавиперавир енгізілді. Бұл препараттардың бәрі де тек стационарларда қолданылатын. Клиникалық тәжірибелер арқылы соңғы хаттамма мақұлданды. Енді амбулаторлық деңгейде лапиновир, ретоновир және гидроксихлорохинмен емдеуге болатыны туралы шешім қабылданды.

Ләззат РУСПЕКОВА, Нұр-Сұлтан қаласындағы №2 емхананың бас дәрігері:

– Вирусты жұқтырғандардың саны азаяр түрі жоқ. Себебі елдің көбі әлі де бейқам жүр. Сақтық шараларын қатаң ұстауға, көпшілік жерден мейлінше аулақ болуға әлі құлықсыз. Соның салдарынан жақындарымыз қиын жағдайға түсіп, сан соғып қалып жатырмыз. Айналамыздағы жақындардың амандығын ойласақ ара қашықтық сақтап, маска кию керек. Осыны жете түсінгенде бұл індетке бөгет болатын қоғамдық иммунитетіміз де күшейе түсер еді.

Халықаралық деңгейде жаңа мәліметтердің түсуін және осы уақытқа дейін тәжірибені ескере отырып, бұл құжат бірнеше рет қаралып, оның соңғы нұсқасы екі күн бұрын мақұлданыпты.

КОМПЬЮТЕРЛІК ТОМОГРАФИЯҒА ДА КЕЗЕК КӨП

Қазір өкпені компьютерлік томографиядан өткізуге де кезек көп. Бүгінгі таңда Қазақстанда 135 томограф бар. Ал елордада мемлекеттік және жекеменшік 22 медициналық мекемеде компьютерлік томография бар екен. Алайда солардың тек төртеуі ғана адам қабылдайды. Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов қосымша КТ және желдеткіштерді де сатып аламыз деп отыр.

Компьютерлік томографияға тегін түсу үшін тұрғылықты мекенжайыңыз бойынша учаскелік дәрігердің арнайы жолдамасы керек. Терапевт немесе педиатр науқастың жағдайына байланысты арнайы жолдама береді. Мамандардың айтуынша, коронавирусты жұқтырған жағдайда, КТ тек бірнеше жағдайда ғана қажет. Біріншіден, вирустық пневмонияны растау немесе жоққа шығару қажет болса, ауру кезінде асқинуы мүмкін өкпеге әсер ететін басқа ауруды жоққа шығару керек болса. Екіншіден, өкпе таза болса, сонымен қатар ауру анық жеңілдетілген сценарий бойынша жүрсе, жұқтырғаннан кейінгі алғашқы 3 күнде КТ жасаудың қажеттілігі жоқ.

Пневмонияны сонымен бірге арзанырақ әрі қолжетімді цифрлы рентген аппараттар арқылы анықтауға болады. Диагностиканың бұл әдістемесі COVID-2019 бойынша ем-дом клиникалық хаттамасына енгізіледі. Нарықта отандық өндірушілер де шығарған бірнеше диагностикалық тест бар. Үкімет 1,2 млн тест сатып алу үшін 1 млрд теңге бөлі. Тесттер қоры әрдайым толығып отырады. Қазақстанда қазіргі таңда 46 диагностикалық зертхана бар. Нұр-Сұлтан қаласында күніне 10 мың тест жүргізуге болады. Зертханалардың қуатын арттыру мақсатында тамыз айының соңына дейін тағы 20 ПТР-анализатор сатып алу жоспарланып отыр.



» Вирус, вакцина, чип – осы және келесі ғасырлардың негізгі тақырыптары. Адамзаттың келешегі микробиология мен микросхемаларға тікелей байланысты. Келешекте дамыған елдер ядролық оқтұмсық, ірі бронды техника, танк арқылы шайқасқа шықпайды. Ендігі майдан микробиологиялық және микропроцессор, микросхема арқылы болады. Олай болса, вирусқа болған танымымызды арттырып, вакцинаны ғылыми стандарттарға сай қабылдап, денемізде иммунитет қалыптастырып, келешектегі вирустық-биологиялық қауіп-қатерден қорғандық жолын іздеуіміз керек.

ВИРУС, ВАКЦИНА, ЧИП: АҢЫЗ ЖӘНЕ АҚИҚАТ

ВИРУСТЫ ӨЗІМІЗ ШАҚЫРДЫҚ

Вирус – жасушасыз инфекциялық агент. Ғалымдар жер шарында миллиондаған, тіпті жүз миллиондаған вирустар барын болжауда. Алайда вирустар өздерінің тіршілігін сақтау үшін жаратылыстан берілген қасиеті бойынша автоматты түрде бейімделуге қабілетті. Сондықтан біз миллиондаған вирустардың арасында жүрсек те, олардың кез келгені бізге жұға бермейді. Жұққан күнде де біздің организмдегі вирусқа қарсы иммунитеттік жүйе шабуылға өтіп, бізді қорғайды. Дегенмен қазір біз вирус қауіпіне өте жиі ұшырай бастадық. Себебі мыңдаған жылдар бойы өзін-өзі реттеп тұрған тұмса табиғатты адамдар ойрандап, нәзік заңдылықтарын бұзып, бізбен әлі ұшыраспаған, ұшырасуға тиіс емес вирустарды адамдар ортасына алып келді.

Адамзат мыңдаған жылдар вируспен бірге жасады, зерттеді, күресті. Соның нәтижесінде микробиология, вирусология өз алдына үлкен ғылым ретінде қалыптасып, адамзаттың биологиялық қауіпсіздігін қорғау үшін әртүрлі әдістемелер жасалды. Сол әдістемелердің бірі – вакцина.

Вакцина – микроорганизмдерден (вирус, бактерия) үлгі алып, оны өңдеп, адам мен жануарлардың иммунитетін арттыру үшін егілетін препараттар. Ол жасалу технологиясына, құрамына қарай тірі вакцина, өлтірілген вакцина, химиялық вакцина, ассоциацияланған вакцина деп бөлінеді.

Вакцина жасау – адамзаттың вирусқа қарсы еңбегінің таза жеңісі, жемісі ғана емес, ол фармакологиялық алпауыттардың бизнесі және өндірісі. Соңғы он жылдықта биологиялық қауіп-қатердің ядролық қауіптен әлдеқайда қатерлі екеніне көз жеткізген әлемдік алпауыттар вирусология, микробиология зерттеу саласына миллиардтаған қаржы аудара бастады.

ДАМЫҒАН ЕЛДЕР ВАКЦИНАНЫ МІНДЕТТЕЙДІ

Германияда дифтерия, копыт, көкжөтел (коклюш), полиомиелит, тетанус, херпес зостер, пневмококк – бұлар әр көрсетілген жастар бойынша жасалуға тиіс вакцина. Бірақ міндетті емес. Денсаулығы өте нашар, мүгедектер тобы міндетті түрде жасалатын вакцинасы: ФСМЕ (менингитэнцефалопатиясы), гепатит, херпес зостер, инфлюэнца (грипп), менингит, пневмококк, қызамық, иттен жұғатын қояншық ауруы, шешек - осы вакциндер мүгедектерге, рак ауруымен ауырғандарға, жындыханалардағы аурулар үшін міндетті түрде жасалуы керек. Бұл ел 2020 жыл наурыздан бастап барлық шетелдік босқындар мен эмигранттарға қотырдың (масерн) вакцинасын салатын шешім қабылдады. Бұл вакциналарды үкімет өтейді.

Германияда балаларға вакцина жасау үшін өте үлкен пропаганда жасалады. Көп ата-аналар балаларына жасатады. IfSG – (инфекционшутсгезегс). Бұл – Германияның жұқпалы аурулар заңы. Бұл заң вакцинаны міндеттейді, зорламайды. Ал «Германия: STIKO» – бұл үй дәрігерлері өз науқастарына вакцина жасап жатыр ма, жоқ па соны қадағалап, тексеріп отыратын орталық.

Ал Жапонияда вакцинация туралы заң (Yobo Shouhou, 1948 жылғы № 68 заң) денсаулық сақтау министрлігінің жұқпалы аурулардың алдын алу және таралмауына арналған вакцинациялауды реттеуді қарастырады. Ол 1948 жылы 30 маусымда жасалды. 2020 жылдың қаңтарында тек негізгі тармақтарына алты өзгеріс жасалып, 14 жұқпалы ауруды вакцинация жасауға міндеттеді, алайда зорлықпен атқару жоқ. Олар дифтерия – 11 жас және 13 жас, 2 пертусис, жедел полиомиелит – 3 айдан 90 жас, қызылша – 2-12 жас, жапон энцефалиті – 9-12

жас, тетанус – 3-90 айға дейін және 11-13 жас, туберкулезге қарсы БЦЖ вакцинасы – 1 жасқа дейін, Ніб тұмауына қарсы вакцина туғаннан бастап 5 жасқа дейін, пневмококк қарсы вакцина – 5 жасқа дейінгі балалар, папилломавирустық вакцина – 12 жасқа дейін және 16 жасқа толған кезде, шешек, варицелла – 36 айға дейін, тұмауға қарсы вакцина – барлық 65 жастан асқан адамдарға міндетті. Алайда зорлық жоқ.

Жапонияда вакцинацияның үш түрі бар: «тұрақты вакцинация», «уақытша вакцинация», «ерікті вакцинация». Олардың алдыңғы екеуі вакцинация туралы заңға сәйкес вакцинацияланады, ал вакцинациялау ұлттық және жергілікті басқару органдарынан толық қаржыландырумен болады. Сонымен қатар, егер заңды имундау нәтижесінде жанама әсерлер пайда болса, имундау туралы заңның негізінде мүгедек болған немесе қайтыс болғандардың адамдардың отбасыларына өтемақы төлейді.

Өткен ғасырдың 60-жылдарынан бастап Жапонияда жұқпалы аурулардан зардап шеккендер мен өлім-жітімдердің санын вакцинацияны сәтті өткізудің арқасында азайтты, алайда вакцинацияның кейбір жанама әсерлері де байқалды және елге келтірілген зиян туралы шағымдар болды. Сондай-ақ конституциялық құқықты талап етпейтін сот процестері де болды. Осы әлеуметтік негізді ескере отырып, 1948 жылы алғаш қабылданған вакцинация туралы заң «қымтыстық жазалаулармен міндетті вакцинациялау» заңындағы жазалау тармақтарын 1976 жылдары алып тастап, денсаулыққа зиянды азайту жүйесі құрылды. 1994 жылы жоспарлы имундау «күш салу міндеті» ретінде өзгертілді. Жапония вакциналау заңында жұқпалы ауруларды таралуын алдын алудан бұрын, адамдардың жеке құқықтарын қорғау

сипаты көрнектіленгендіктен, әртүрлі вакцинация көрсеткіші жылдан-жылға төмендеп, жұқпалы аурулар індеті проблемаға айналды. Қазір Жапонияда бұл заңды реттеудің басқа да тетіктерін қарастырып жатыр.

ҚАЗАҚСТАНДА ҚАЛАЙ?

Қазақстанда өкімет тегін ұсынатын вакциналар-туберкулез (BCG), гепатит, полиомиелит, көкжөтел, дифтерия және сіреспе (DTP), г типті гемофильді инфекция, пневмококк инфекциясына қарсы вакцина, қызылша, паротиттерден (паротит). Бұл вакциналар заңмен міндеттелген. Зорлық жоқ. Заңдық жаза қарастырылмаған. Алайда коллективтік иммунитет қалыптастыруды қамтамасыз ету үшін вакцина жасалмаған балалар балабақшаға баруына болмайды. Өйткені жас балалардағы вакцинацияның нәтижесі - ол коллективтік иммунитет қалыптастыратын пайызға тікелей байланысты. Әр 10 баланың 7-еуі вакцинацияланбаған жағдайда вакцинаның нәтижесіне еш кепілдік жоқ.

Вакцина жайлы заңдардың дамыған елдерде бастапқыда қатаң, заңдық жазалаулар арқылы іске асырылып, адамның құқықтық таңдауларына байланысты жазалау әдістерін кейіндеп алып тастағанын байқаймыз. Жапонияда, Германияда эпидемиолог мамандар заңның жұмсартығын пайдаланған адамдар міндетті вакциналарға мән бермеу, бас тарту көбейгендіктен, вакцинацияланған адам салыстырмасы сәйкесінше төмендеп, коллективтік иммунитеттің қалыптасуына кері әсер етіп жатқанын айтуда. Вакциналау туралы заңның құқықтық сипатына баса мән берілгенімен, аурудың таралуына, адамдарға жұқпалы аурулардың қатері ескерілмей, эпидемия қаупінің өсуіне әкеліп отыр. Вакцинаны тасымалдау, сақтау, қолдану ережелерінің сақталмауына

байланысты вакцинаның адам денсаулығына кері әсер беретін жағдайлары кейде кісі өліміне, мүгедектікке әкелуі мүмкін. Бұл жағдай Қазақстан қоғамында да жиі орын алып, халықтың вакцинациялауға қарсы қорқынышын туғызуда. Тіпті вакцинация жасаудың жанамалай беретін кері әсерінен басқа, «адамдардың ұрпақ қалдыру қабілетінен айыру, чип қойып мәңгірт етіп басқару» деген сияқты мифтік аңызға бергісіз ақпараттар тарап, халықтың вакцина алуына, сол арқылы жұқпалы ауруға қарсы қауіпсіздік шараларын жасауына кедергі келтіруде. Іс жүзінде вакцина жасау технологиясында адамның тұқым жолын ойрандайтын немесе микрочип салу қарастырылмаған. Ал чип-тау тақырыбына келсек, ол – вакцинасыз да адамзаттың өміріне дендеп кіріп келе жатқан осы заманғы технологияның жетістігі.

ЧИП ШЫНЫМЕН ҚАТЕРЛІ МЕ?

ЧИП – микросхеманың бір үлгісі. Бір чипқа бүтін бір

енгеніне ондаған жылдар болды. Эпилепсия, Паркинсон, Альцгеймер сияқты өзін-өзі реттеу, тепе-теңдік жүйесін жоғалтқан науқастарға микропроцессорлы чип қою және оны нервтік жүйелерге адаптациялау арқылы адамға жасанды интеллектуал беру арқылы науқастарға көптеген жеңілдіктер ұсынылуда. Бұл технология – алыс шетелде ғана болып жатқан жоқ, астанадағы ұлттық медициналық орталықтарда он жылдан бері жасалып жатқан жұмыстар. Аталған технологияның дамуына байланысты болашақта нерв жүйесі арқылы ақыл-ойға, тепе-теңдікке әсер ететін аурулардың қиындығы белгілі деңгейде шешіліп, мыңдаған мүгедектер қалыпты адамдар қатарына қосылуы мүмкін. Адамдар есте сақтау қабілетін үстемелеу, ақыл-ой еңбегін жоғарылату үшін өз еркімен осы технологияның көмегіне жүгінетін заман да келеді. Көп тіл үйрену, күрделі схемаларды, инструкцияларды есте сақтау және қолдану өнімділіктерін арттыруға деген талпыныс микрочиптің әрі қарай көпфункционалды,



немесе бірнеше микропроцессорды сыйдыруға болады. Және сол арқылы әртүрлі ақпараттар, программаларды орнатып, белгілі функцияларды атқартуға мүмкіндік бар. Микрочиптің адресіне, ізге түсу, банктік төлем жүйесі, қауіпсіздік жүйесі, товарларды ұрлаудан сақтау, жан-жануарларды зерттеуге қолдану саласынан басқа медицина саласында микрочип қолданысқа

күрделі қызметтер атқаруына жетелей беретіні сөзсіз. Олай болса, алдағы болашақ адам санасына сыймайтын жаңалықтар мен технологияның ғасыры болады. Ол жаңалықтардан үрку, қашу мүмкін емес.

Серік МҰРАТҚАН,
«Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ медициналық жабдықтар бөлімінің бас инженері

ДҮЙСЕНБІ

6 ШІЛДЕ



6.00, 03.00 Әнұран. 6.05 «Ұлтық арнада – ұмытылмас әндер».



6.00, 02.00 ҚР Әнұраны. 6.00 «Әсем әуен».



6.00 «Ән мен әзіл» концерттік. 6.30 «Күлдірген».



6.00 «Қарлығаш ұя салғанда», т/х. 6.40 Х/ф «Ән аға».



7.00 ҚР ӘНҰРАНЫ. 7.05 «Елім менің».



5.58 ҚР ӘНҰРАНЫ. 6.00 Ризамын.

13.50 «Экстрасенсы-детективы». 15.00 «Кел татуласайық».



6.00, 7.30 Т/Х «ПАРИЖДЕН МЕНІ ІЗДЕП ТАП».



6.55 ҚР ӘНҰРАНЫ. 7.00 «Разминка».

СЕЙСЕНБІ

7 ШІЛДЕ



6.00, 03.00 Әнұран. 6.05 «24 sagat tabigat qushagynda».



6.00, 02.00 ҚР Әнұраны. 6.00 «Әсем әуен».



6.00 «Ән мен әзіл» концерттік. 6.30 «Күлдірген».

12.30, 23.10 «Ханзада Жұмонг», т/х. 14.00 М/ф «Буба».



6.00 «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА», Т/Х. 6.45 «ТОЙ ЗАКАЗ».



7.00 ҚР ӘНҰРАНЫ. 7.05 «Hello ауыл», к/ф.



5.58 ҚР ӘНҰРАНЫ. 6.00 Ризамын.




6.00 Т/Х «ПАРИЖДЕН МЕНІ ІЗДЕП ТАП». 6.50, 05.15 «Гү-гүлет».



6.55 ҚР ӘНҰРАНЫ. 7.00 «Разминка».

СӘРСЕНБІ

8 ШІЛДЕ



6.00, 03.00 Әнұран. 6.05 «24 sagat tabigat qushagynda».



6.00, 02.00 ҚР Әнұраны. 6.00 «Менің тағдырым».



6.00 «Ән мен әзіл» концерттік. 6.30 «Күлдірген».



6.00 «Қарлығаш ұя салғанда», т/х. 6.45 «ТОЙ ЗАКАЗ».



7.00 ҚР ӘНҰРАНЫ. 7.05 Кешкі жаңалықтар.



5.58 ҚР ӘНҰРАНЫ. 6.00 Ризамын.

13.45 «Экстрасенсы детективы». 15.00 «Кел татуласайық».



6.00 Т/Х «ПАРИЖДЕН МЕНІ ІЗДЕП ТАП». 7.00, 05.15 «Гү-гүлет».



6.55 ҚР ӘНҰРАНЫ. 7.00 «Разминка».

БЕЙСЕНБІ

9 ШІЛДЕ



6.00, 03.00 Әнұран. 6.05 «24 sagat tabigat qushagynda».



6.00, 02.00 ҚР Әнұраны. 6.00 «Менің тағдырым».



6.00 «Ән мен әзіл» концерттік. 6.30 «Күлдірген».



6.00 «Қарлығаш ұя салғанда», т/х. 6.45 «ТОЙ ЗАКАЗ».



7.00 ҚР ӘНУРАНЫ. 7.05 Кешкі жаңалықтар. 7.25 «КТК web».



5.58 ҚР ӘНУРАНЫ. 6.00 Ризамын. 6.55 Информбюро. 7.55 Т/с «ГАНГА».



6.00 Т/х «ПАРИЖДЕН МЕНИ ІЗДЕП ТАП». 7.00, 05.15 «Гү-гүлет».



6.55 ҚР ӘНУРАНЫ. 7.00 «Разминка». 7.15 М/х «Том мен Джерри».

ЖҰМА

10 ШІЛДЕ



6.00, 03.00 Әнұран. 6.05 «24 sagat tabigat qushagynda».

7.15 Т/х «Айналайын». 8.25 «Азамат», д/ф. 8.50 Концерт.



6.00, 02.00 ҚР Әнұраны. 6.00 «Менің таңдырым».



6.00 «Ән мен әзіл» концерттік. 6.30 «Күлдірген».



6.00 «ТОЙ БАЗАР». 7.00, 18.00 «БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР».



7.00 ҚР ӘНУРАНЫ. 7.05 Кешкі жаңалықтар. 7.25 «КТК web».



5.58 ҚР ӘНУРАНЫ. 6.00 Ризамын. 6.55 Информбюро. 7.55 Т/с «ГАНГА».



6.00 Т/х «ПАРИЖДЕН МЕНИ ІЗДЕП ТАП». 7.00, 05.15 «Гү-гүлет».



6.55 ҚР ӘНУРАНЫ. 7.00 «Разминка». 7.15 М/х «Том мен Джерри».

СЕНБІ

11 ШІЛДЕ



6.00, 03.00 Әнұран. 6.05 «24 sagat tabigat qushagynda».



6.00, 02.00 ҚР Әнұраны. 6.00 «Тамаша». 7.15 Концерт «Ән әлемі».



6.00, 03.15 «Ән мен әзіл» концерттік. 6.30, 02.55 «Әзілстан».



6.00, 03.30 «ЖАЛҒЫЗ ЖАУҚАЗЫН», Т/х. 6.45, 02.45 «ТАМАША СИТУ».

18.35 «ҚЫЗЫҚ LIVE». 20.00 Т/с «ТРИ ПЕСНИ ДЛЯ ЗОЛУШКИ».



7.00 ҚР ӘНУРАНЫ. 7.05 «Үлкен үй-3», т/х. 7.30 «Кеттік тойға».



5.58 ҚР ӘНУРАНЫ. 6.00, 01.15 Әзіл студио. 7.00, 03.00 Ризамын.




6.00 Т/х «ПАРИЖДЕН МЕНИ ІЗДЕП ТАП». 6.50 «Қуырдақ».



6.55 ҚР ӘНУРАНЫ. 7.00, 03.20 «Бүлдір-күлдір».

ЖЕКСЕНБІ

12 ШІЛДЕ



6.00, 02.50 Әнұран. 6.05 «24 sagat tabigat qushagynda».



6.00, 02.00 ҚР Әнұраны. 6.00 «Тамаша».

13.45 Т/х «Ана жүрегі». 17.00 Х/ф «Миссия невыполнима: Протокол фантом».



6.00, 03.15 «Ән мен әзіл» концерттік. 7.00 «KazNet».



6.00, 03.35 «ЖАЛҒЫЗ ЖАУҚАЗЫН», Т/х. 6.40, 02.50 «ТАМАША СИТУ».



7.00 ҚР ӘНУРАНЫ. 7.05 «50 жыл елмен бірге», концерт. 8.10 «КТК-да Кабатов».



5.58 ҚР ӘНУРАНЫ. 6.00, 03.30 Әзіл студио. 7.30, 04.30 Ризамын.



6.00 «Келесі кім?». 7.00 «Қуырдақ». 7.30, 05.10 «Гү-гүлет».



6.55 ҚР ӘНУРАНЫ. 7.00, 03.20 «Бүлдір-күлдір».

НҮР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы

25.06.2020

№205-1283

Әкімдіктің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңы 37-бабының 1-тармағына, «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңы 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 25 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңы 1-бабы 31-тармағының 16) тармақшасына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес әкімдіктің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. «Нұр-Сұлтан қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппе:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі облысының /қаласының Әділет департаменті Нормативтік құқықтық акті 30.06.2020 Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №2-1-1274 болып енгізілді

мемлекеттік тіркелуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Нұр-Сұлтан қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде аумақтық әділет органына осы тармақтың 2), 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары А.К. Қайсағалиевке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

А. Кульгинов

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 25 маусымдағы № 205-1283 қаулысына қосымша

Әкімдіктің күші жойылған қаулылардың тізбесі

1. «Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 8 тамыздағы № 205-1418 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1055 болып тіркелген, 2016 жылғы 20 қыркүйекте № 109 (3461) «Астана ақшамы», № 109 (3479) «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланды).

2. «Астана қаласында геология саласындағы мемлекеттік қызметтер регламенттерін бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 8 тамыздағы № 205-1419 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1053 болып тіркелген, 2016 жылғы 20 қыркүйекте № 109 (3461) «Астана ақшамы», № 109 (3479) «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланды).

3. «Су қорын пайдалануды реттеу саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің регламенттерін бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 8 тамыздағы № 205-1420 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік

тіркеу тізілімінде № 1056 болып тіркелген, 2016 жылғы 20 қыркүйекте № 109 (3461) «Астана ақшамы», № 109 (3479) «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланды).

4. «Орман шаруашылығы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің регламенттерін бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 8 тамыздағы № 205-1421 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1052 болып тіркелген, 2016 жылғы 20 қыркүйекте № 109 (3461) «Астана ақшамы», № 109 (3479) «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланды).

5. «Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығының кепіл шартын тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 2 мамырдағы № 205-701 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1175 болып тіркелген, 2018 жылғы 26 мамырда № 62 (3722) «Астана ақшамы», № 62 (3740) «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланды).

ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒЫНАН ӘЛСІЗ ТОПТАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

(Жалғасы. Басы газеттің №76 (4045) санында)

Азаматтардың кезектілігі 2020 жылғы 28 ақпандағы жағдай бойынша берілді.

Table with columns: Кезек нөмірі, Тегі, Аты, Әкесінің аты, Кезекке қойылған күні, Санат. Lists names and IDs of citizens in the queue.

Table with columns: ID, Name, Date, Status. Lists names and IDs of citizens in the queue.

Table with columns: ID, Name, Date, Status. Lists names and IDs of citizens in the queue.

МЕМЛЕКЕТТІК СЯСАТТЫҢ БАСТЫ БАҒЫТЫНЫҢ БІРІ – СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ең күшті күрес – бұл жариялылық».

Н.Ә. НАЗАРБАЕВ

Қазіргі күні, Қазақстан сыбайлас жемқорлыққа жалпы мемлекеттік мәртебе берілді, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және шектеу бойынша қоғамдық және саяси күштермен бірлесіп, кең ауқымды сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаниялар жүргізілуде. Қазақстанда сыбайлас жемқорлықпен күрес мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі болып белгіленді. Құқық бұзушылықпен күрестің қандай да бір аспектілері ең әртүрлі деңгейлерде талқын, оның қолдану саласына тән белгілердің бірі жемқорлық болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық құбылыстары үшін жағдайды азайту және азаматтармен шенеуніктердің тікелей байланыстарын қысқарту мақсатында, мемлекеттік көрсетілетін қызмет, мемлекеттік аппарат жұмысын ақпараттандыру және мемлекеттік органдарда процестерді цифрландыру саласын дамыту бойынша кешенді шаралар қабылдануда.

Мәселен, қазіргі уақытта, мемлекеттік органдарда жүктелген функцияларды орындаумен байланысты процестерді цифрландыру жөніндегі жұмыстар жүргізілуде. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мақсатқа сондай-ақ электронды құжат айналымына көшу ықпал етеді.

Қазіргі күні, коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алу), сенімгерлік басқаруға беру, коммуналдық мүлікті жекешелендіру ресімдері автоматтандырылды және мемлекеттік мүлік тізілімі веб-порталы арқылы жүзеге асырылады (gosreestr.kz).

Сауда-саттықтарды, тендерлерді электронды форматта өткізу мемлекеттік органның өзіне жазбаша жүгінуді, өтініш іесінің (қатысушының) орналасқан жеріне қарамастан, ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз етеді, сондай-ақ азаматтар мен мемлекеттік органдардың өкідері арасында байланысты толық алып тастайды.

Бұдан басқа, сауда-саттыққа қатысуды қалайтын азаматтардың ыңғайлылығы үшін, ақпаратты жаңартуға байланысты, мәліметтер «Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және басқармасы» ММ басшысы

мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ ресми сайтында (uagz.astana.kz) және «Facebook» әлеуметтік желісінде орналастырылады.

Мемлекеттік сатып алуды өткізу процесі сондай-ақ цифрландырылған. Басқармамен жүргізілетін мемлекеттік сатып алулар Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу веб-порталы (goszakup.gov.kz) арқылы электронды түрде жүзеге асырылады, мемлекеттік сатып алу саласында электронды қызметтің бірыңғай жеткізу нүктесін ұсынады және интернет желісіне әртүрлі компьютер қоса отырып, тапсырыс беруші, ұйымдастырушы және өнім беруші ретінде мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қашықтықтан жұмыс істеу форматы Қазақстанда коронавирус бойынша эпидемиологиялық жағдай шындығында маңызды.

Қазіргі уақытта, «Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ (бұдан әрі – Басқарма) әкімдіктің ведомстволық бағынысты заңды тұлғаларының ағымдағы қаржы-шаруашылық жағдайын жедел қадағалауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында қазіргі уақытта аналогы жоқ, шаруашылық субъектілері арасында коммуналдық меншік активтерін алмастыру (есептен шығару) бойынша жұмысты электронды форматқа көшіруге мүмкіндік беретін, коммуналдық меншік активтерін (ақшалай қаражат, мүлік) есептен шығаруға автоматтандыру жүргізілді.

Осылайша, экономиканың барлық салаларын ауқымды цифрландыру бойынша Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау аясында, Басқармамен мемлекеттік меншік объектілерін тіркеу/қайта тіркеу ресімдерін электронды форматқа көшіру бөлігінде қолданыстағы заңнаманы өзгерту жөніндегі жұмысқа бастамалық болды.

Қорытындылай келе, цифрландыру барлық мемлекеттік салаларда сыбайлас жемқорлық құрамдас бөлігін төмендетуге ықпал ететінін қосқым келеді.

Е.ӨТЕБАЕВ,

«Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ басшысы



Table with columns: ID, Name, Surname, Date of Birth, and Description. Contains rows 12573 to 12650.

Table with columns: ID, Name, Surname, Date of Birth, and Description. Contains rows 12651 to 12739.

Table with columns: ID, Name, Surname, Date of Birth, and Description. Contains rows 12740 to 12819.

(Жалғасы бар)

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo



ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ ТУЫНДЫ

» ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасында «Жасампаздық дәуірі» кітабының онлайн-таныстырылымы өтті. Аталған еңбек тәуелсіз еліміздің қалыптасуы мен дамуына және оның негізін қалаушы – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тарихи рөліне арналған басылымдар библиографиясынан ерекше орын алары сөзсіз. Бұл шығармашылық жобаны ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Кеңесінің басшысы Махмұт Қасымбеков бастаған бір топ авторлар ұжымы ұсынды.

Онлайн-таныстырылымда Махмұт Қасымбеков: – Мемлекет құрудың халықаралық тәжірибесінде Тұңғыш Президенттің басшылығымен Қазақстан жүзеге асыра алғандай қоғамды түбірімен және тиімді өзгертудің мысалдары қазір аса көп емес. Сондықтан Қазақстан мемлекеттілігінің негізін қалаушы, көрнекті реформатор, стратег, жаһандық ауқымдағы саясаткер ретіндегі Нұрсұлтан Назарбаевтың бірегей тұлғасының феномені бірнеше ондаған жыл бойы өз елімізде де, сыртта да қоғамның зор қызығушылығын

тудырып келе жатуы әбден заңды, – дей келіп, Кеңес Одағы құлаған қиын кезеңде Елбасы бастамашылық еткен осы тарихи үдерісті тұжырымдамалық тұрғыдан бөле-жармай тұтас күйінде қабылдау идеясы «Жасампаздық дәуірі» кітабының басты өзегіне айналғандығын, кітапта Нұрсұлтан Әбішұлы саяси басшылық жасаған жылдарда еліміздің жеткен басты жетістіктері, Елбасының мемлекеттік және қоғамдық көпқырлы

қызметіне жан-жақты және терең зерттеу арқылы талдау жасалғандығын айтты.

Сондай-ақ онлайн-жиынға қатысқан АҚШ, Ресей, Түркия, Әзербайжан, Қырғызстан және ел ғалымдары тағылымы мол толымды еңбек туралы өз ой-пікірлерін айта келіп, «Жасампаздық дәуірі» кітабы көптеген ғылыми зерттеу мен көркем шығарма үшін дерек алынып, сілтеме жасалатын баға жетпес мол фактология, зерттеушілік мәлімет көзі екенін бірауыздан құптасты.

Дайындаған Азамат **ЕСЕНЖОЛ**

ПОЛЬШАДА АБАЙ АРДАҚТАЛДЫ

» Польшада Абай атамиздың 175 жылдық мерейтойына арналған пошта маркасы шығарылды.



Пошта маркасын шығару жобасын ұлы ақынның мерейтойын мерекелеу аясында Қазақстанның Варшавадағы Елшілігінің бастамасымен «Почта Польска» АҚ жүзеге асырды.

Марканың таныстырылымы «Почта Польска» компаниясының орталық ғимаратында өтті. Қазақстанның Польшадағы елшісі Әлім Қирабаев қазіргі ұрпақты адалдық пен әділеттік қағидаларын басшылыққа алуға, сондай-ақ өз халқына қызмет етуге және білім беруге ұмтылуға шақырып, шабыттандыратын ұлы жазушының философиялық идеяларының

және өлмес әдеби мұрасының өзектілігін атап өтті.

«Почта Польска» АҚ төрағасы Томаш Здзикота екі ел арасындағы филателия саласындағы жемісті және ұзақ мерзімді ынтымақтастығына тоқталып, ұлы қазақ ағартушысының бейнесі салынған пошталық маркасы филателистер арасында үлкен қызығушылық тудырып, бірлескен сәтті жобалардың дәлелі болатынына сенім білдірді.

Іс-шара барысында Польша Республикасы Сыртқы істер министрлігінің департамент директоры Я.Хофмокл Абайдың шығармашылық мұрасы-

ның маңыздылығы мен ауқымын айта отырып, 2001 жылы Қазақстанға жасаған сапары кезінде Рим Папасы Иоанн Павел II-ші дәйексөз жасаған Абайдың «Қара сөздерімен» танысуға шақырды.

Ақынның 175 жылдығын мерекелеу аясында өткізілген іс-шара поляк аудиториясын Қазақстан халқының мәдени мұрасымен және рухани байлығымен таныстыруға жақсы мүмкіндік берді.

Кездесу соңында Елші поляк тарапына поляк тіліндегі Абайдың «Қара сөздер» кітабының бірнеше данасын табыстады.



Сұлтан СЕЙІТ



АҚЫЛ-ОЙДЫҢ АРНАСЫ

» Ұлы Абай атамиздың 175 жылдық торқалы тойына тамаша сый ретінде, еліміздегі ақпарат кеңістігінде «Ақыл-ойдың айнасы» деген ұранмен жол тартқан «Abai tv» мәдени-ағарту телеарнасының таныстырылымы өтті. Мәні терең маңызды шараға Президент Әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары Дәурен Абаев, Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова, Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева және елордадағы зиялы қауым өкілдері қатысып, жаңа арна жұмысына сәттілік тіледі.



Салтанатты шараның ашылуында Президент Әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары Дәурен Абаев бұл телеарнаның мәдени-ағартушылық салаға үлес қосып, ұлт қазынасын толтыруды көздейтіндігін жеткізді.

Жаңа телеарна Мемлекет басшысының тапсырмасымен іске қосылды. Ол жұртшылыққа ақын мұраларын барынша насихаттауды мұрат тұтып, осы бағытта «Абай жолын

бірге оқиық», «Сарасөз» бағдарламасы жарыққа шығады. Сонымен бірге ақын-жазушылардың драмалық шығармаларын талдауға арналған «Үркер», жастардың «Жыр майданы», қазақ музыкасының мәдениеті мен тарихы жайындағы «Ұлы дала музыкасы» және спектакльдер мен балет қойылымдарына арналған «Премьеры» бағдарламасы көрсетіледі.

Айтпақшы, арнаны www.abaitv.kz ресми сайтынан онлайн режимде көре аласыз.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС
Директор – **Жарқын ЖҰМАДИЛОВ**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Апталық таралымы – 15 000

Тапсырыс №77

Баспахана: Нұр-Сұлтан қаласы, Сілеті көшесі, 30.

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК astana.aqsham@gmail.com

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 703-212 Тілшілер бөлімі: 70-32-14, 70-32-17 Үйлестіруші: 70-33-05 Жарнама: 70-33-06

astana.akshamy@mail.ru